

Жаңарған орталықтың жаңа мүмкіндіктері
2-бет



Еңбек даңқымен еңселенген қала
6-бет



Төлтанба тарихы
8-бет



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz



www.instagram.com/ortalyq.kz/

СЕНБІ, 10 АҚПАН, 2024 ЖЫЛ №17 (23 339)



www.facebook.com/ortalyq.kz/



info@ortalyq.kz

Мерейтойын құтты болсын, сүйікті Қарағанды!

Біз қаламыздың тарихындағы айтулы дата – 90 жылдық мерейтойды атап өтудеміз. Бұл – Қарағанды қаласында студенттік өмірі мен жас дәурені өткен, мамандығының алғашқы қадамдарын осында бастаған, осы қалада отбасын құрған адамдар үшін айтулы дата. Осы жылдар ішінде біздің сүйікті қаламыз түрлі ұлт пен мәдениет өкілдерінің сүйікті мекеніне айналды. Соның арқасында біздің бірегей қарағандылық менталитет қалыптасты.

Біз жерлестерімізді әрқашан күлкісінен, көзқарасынан, пайымдауларынан танымыз. Қай жерде болсақ та, Қарағанды біз үшін жер бетіндегі ең жақсы қала болып қала береді. Қарағанды көмір астанасының символынан басқа, IT-индустриясының ірі орталықтарының біріне, логистикалық хақба және бизнес белсенді дамып жатқан қалаға айналды.

Қаламыздың одан әрі дамуына үлес қосып жүрген барша жандарға алғысымды білдіремін! Қарағанды бұдан да биік жетістіктерге жетіп, қаламыз көркейе берсін.


Барлық қарағандылықтарға амандық пен бақ-береке тілеймін!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Нүркен ҚОБЖАНОВ,
облыстық мәслихаттың төрағасы

Қазақстан өндірісінің қара нары

Биыл Қарағанды төрағасы 90 жылдық мерейтойына табан тіреді. Бұл – кезекті дата ғана емес, тарихы терең таңғажайып шаһардың тарихы, мәдениеті мен дамуының байлығын бейнелейтін көл-көсір қуаныш. Өткен уақыт бедері Қарағандыны Қазақстанның стратегиялық орталығына айналдырды. Сондықтан, бұл мерейлі күн Қарағандының ғана емес тұтас Қазақстанның тұғырлы тарихы деп бағамдасақ, сірә де жарасатындай!

Ерқанат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



• БӘРЕКЕЛДІ!

Елдардың елеулі жеңісі

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің студенті Елдар Қанағат «ТМД-ның үздік студенті – 2024» халықаралық байқауының жүлдегері атанды. Ол оқудағы жетістіктері үшін II дәрежелі дипломмен және «Қазақ тілін оқытуда жырау шығармаларын қолдану әдістемесі» мақаласы үшін арнайы жүлдемен марапатталды.



Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президенттік стипендияның иегері және көптеген республикалық және халықаралық байқаулардың жүлдегері атанған Елдар – «Автоматтандыру және басқару» мамандығының III курс студенті. Мақаланы қазақ тілі мен мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы Мендікүл Оспанғалиеваның жетекшілігімен жазған.

– Мақала тақырыбы өзекті және мен ұсынған әдіс көптеген адамдар үшін пайдалы. Жарияланыммен қатар оқу жылындағы басқа да жетістіктерім бағаланды, – дейді Елдар.

Университет оқытушыларының айтуынша, Елдардың мақаласы «Рухани жаңғыру» ақпараттық-талдау орталығы мен QAZAQ BILIMI Республикалық ғылыми-әдістемелік, педагогикалық журналы ұйымдастырған «Үздік студенттік мақалалар» республикалық байқауында да жоғары бағаланған. Студенттің жұмысы бұл жолы «Үздік мақала» атылымы бойынша I дәрежелі дипломға ие болды.

• ТОҒЫЗ ЖОЛДЫҢ ТОРАБЫ

Армандар аялдамасы

Қарағанды – Қазақстанның кіндігі секілді. Елорданы айтпағанда, қазақтың биіктерін, тағдыр мен тарих сінген шоқыларын құшағына алып, көсіліп жатқан Арқа даласының жауһары десек, қателескеніміз емес. Арқаның ғана емес, Алаштың басынан өткен мың жылдықтардың аңыз осы шаһарда жаңғырып тұрғандай. Адамның алпыс екі тамырында айналған қан жүректі айналып өтпейді. Сол жұмыр ет – тәндегі тоғыз жолдың торабы. Қарағанды да солай. Қазақстанның кеудесіндегі жұмыр ет. Дүрсілдеп тұр!

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды теміржол вокзалы – осы шаһардың табалдырығы. Табалдырығын қастерлеген жұртпыз. Қарағанды теміржол вокзалы – қоштасқандар мен қауышқандардың пенде түсінбейтін толғанастары сақталған сырсаңдық. Ұлы туындыға ұлы сағыныш керек.

Әлемді дүр сілкіндірген «COVID-19» пандемиясына дейін алып құрлықты шарлаған жолаушылар кеншілер шаһарының үстімен өткен. Мәселен, 2019 жылға дейін осы вокзал Қырғызстанның астанасы Бішкек пен Ресейдің Мәскеуіне жалған екен. №84-ші поезд. Ал, Мәскеуге барар жолда Омбы мен Самараға, Челябинскіге, Новосибирскіге, Томскіге, Новокузнецкіге локомотив басын тірген. Тізімде Екатеринбург пен Киев те бар еді.

Қарағанды теміржолы аңызға, ақынның жырына, сазгердің әніне айналғалы қашан. Бұқар жыраудың, Қазыбек бидің, бергісі Әлиханнның, Әлімханнның, Мәдідің, Қасымның және өзге де ұлылардың топырағы деп тәу етіп келген сәулелі жандарды талай тебіренткен. Ғаламторға бір құрық салсаңыз, осы



вокзал қақында өлең көп. Бұл да бір мыңжылдықтарға созылатын парактағы ғұмыр екені даусыз. Перонда тұрып, алысқа жузгендеген бойжеткеннің жанары, дірілдеген ерні, бозбаланың аттай тулаған жүрегі... Осында тоғысқан тағдырлардың зілдей вагондардан, соларды байтақ даланың төсімен сүйреп ала жөнелген локомотивтерден ауыр салмағы бар.

Теміржол вокзалы 1956 жылы бой көтерген. Ғимараттың жобасын «Ленгипротранс» институты жасаған. Авторлары – П.Ашастин мен М.Бениолинсон. Күту залдары мүсінші, ҚазКСР-інің еңбек сіңірген суретшісі П.Анто-ненконың барельефтерімен ажарланған. Вокзал бір жылда орта есеппен алғанда 1,5 млн-ға жуық жолаушыға қызмет көрсетеді екен. Жер тұрғанша ағылатын көш. Өмір дейтін ұлы сапарға шақтап берілген жолдорбадай кеудесіне қимастық пен махаббатты сығымдап салған адамзаттың көші.

Қарағандыны шартараппен жалғайтын «Сарыарқа» әуежайының әңгімесі де бөлек. Алыстан келген жолаушы қайда келгенін әуежайдың атауынан-ақ біледі. «Сарыарқа!» Атауының өзі – бренд. Әуежай 1980 жылы пайдалануға беріліпті. Әуежай азаматтық авиацияның халықаралық ұйымының бірінші санаты бойынша әуе кемелерінің барлық түрлеріне қызмет көрсетуге мүмкіндік береді. 1992 жылы «Сарыарқа» әуежайына уақытша сызба бойынша Халықаралық әуежай мәртебесі берілді. Оның жобалық қуаты бір жылда 2,5 млн. жолаушыға қызмет көрсетуге, 18 мың тонна жүкті және 7 мың тонна поштаны жеткізуге мүмкіндік береді. Халықаралық әуежай Қазақстанның жиырмаға жуық қаласында бар. 1980 жылдың 4 қарашасында алғашқы

«ТУ-154Б» лайнері ұшу алаңына қонған. Сол кезден бастап «ТУ-154» және «ИЛ-62» типті ұшақтары бұрынғы Кеңес үкіметінің ірі қалаларына әуе жолын ашты. Мәскеу, Ленинград, Алматы, Сочи, Киев, Новосибирск, Омск, Баку және басқа да бағыттарға рейстер ұйымдастырылды. Сондай-ақ, көмірмен даңқы шыққан шаһардан Германия (Майнадағы Франкфурт, Ганновер, Кельн, Дюссельдорф, Штутгарт, Нюрнберг), Стамбул, Шарджа (Біріккен Араб Әміраттары) мегаполистеріне ұшақтар ұшты. Сонымен қатар, Польша, Пәкістан, Сирия, Иран, Таиландқа да бағыт алды. 2002 жылы жаңарту жұмыстары жүргізіліп, жалпы аумағы 30 000 шаршы метр болатын әэровокзал кешенінің ғимараты толығымен қолданысқа берілді. Мұнда «Боинг-747», «ИЛ-86» типті әуе кемелерін қабылдай алатын ені 60 метр, ұзындығы 3300 метр ұшу-қону алаңы бар.

Аймақтарды жалғайтын маңызды тас-жолдар да Қарағандыны айналып өтпейді. Ұшар биіктен қарасаныз, тарам-тарам тамырлардай көрінетін жолдардың жалпы ұзындығы 1354 шақырымды құрайды екен. Республикалық маңызы бар жолдардың ұзындығы 640 шақырым. Ал, облыстық маңызы бар жолдар – 297.

Есідің бойын ең жайлаған елордамыз Астана мен Алатаудың баурайындағы Алматыны жалғайтын тасжол да іргеде жатыр. Сол жол – ел экономикасының құрғатамыры. Қарағанды – сондағы кідіріс көшке қуат беретін үлкен шаһар. Есіден басталған толқын Ақсоранның етегінен, Тоқырауын мен Нұранын, Балқаш көлінің жағасынан өтеді.

Қазақстанды үлкен үй делік. Қарағанды сол үйдің дәлізі. Бөлмелерді жалғап жатыр. Бір сөзбен айтсақ, тоғыз жолдың торабы.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

•EUR/KZT 485.47

•USD/KZT 450.34

•RUB/KZT 4.93

•CNY/KZT 62.58

Қазақстан Ұлттық Банкінің 9 ақпан, 2024 жылғы дерегі бойынша



• ЭЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Жаңарған орталықтың жаңа мүмкіндіктері

Қарағандыда жөндеуден өткен әлеуметтік қызметтер орталығы жұмысын бастады. Кең әрі ыңғайлы ғимаратта кеншілер қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, отбасыларды қолдау орталығы және ұзақ өмір сүру орталығының филиалы орналасқан. Қала күні қарсаңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев орталықтың жұмысын арнайы келіп тексерді.

Толық қалпына келтірілген және жазғат кұрал-жабдықпен қамтылған ғимарат қала орталығында, Чкалов көшесі, №7 үй мекенжайында орналасқан. Аядама жақын. Мұнда қаланың барлық бөлігінен келуге ыңғайлы.

Орталықта кезек жоқ, барлығы автоматтандырылған және мүмкіндігі шектеулі жандарға да қолжетімді. Екі лифт бар. Ана мен балаға арналған бөлек бөлмелер жабдықталған.

Ашылғанына екі күн болған орталыққа қазірдің өзінде 250 адам үлкен операциялық залда кеңес алып үлгерген.

– Бұл жерде Қазыбек би атындағы ауданның мекенжайы бойынша әлеуметтік көмек көрсету бөлімшесіне де орын бұйырыпты. Ал, отбасыларды қолдау орталығының бірегей жоба екенін айта кету керек. Некеңі бұзу кезінде медиация қолданылып, девантты мінез-құлқы бар балалармен жұмыс жүргізіледі және көпбалалы аналарды қолдауға баса назар аударылады. Қала әкімдігі 2023 жылы төрт инвентакси машинасын сатып алған еді. Олар да осында, – деп атап өтті Қарағанды қаласы әкімінің орынбасары Ләззат Ақылжанова.

Жөндеуден өткен ғимаратта онға жуық



балаларға арналған ойын алаңы бар.

Ата-аналар кеңес алып жатқанда, сәбилер орталық мамандарының бақылауында болады.

Екінші қабат Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының қалалық филиалына бөлінді.

Шаһардың аға буын өкілдері үшін тегін секциялар мен үйірмелер де ашылған.

Пайдалануға берілген жаңа ғимараттың ыңғайлылығы туралы Пришахтинскіден келген көпбалалы ана Раушан Маясарова пікір білдірді.

– Бірден бірнеше мәселемді шешуге мүмкіндік алдым. Үлкен ұлымның мүгедектігі бар, адвокат та тегін кеңес берді. Психологиялық тренингке қатыстым, онда отбасылық қатынастар мәселелері ортаға салынды. Енді жаңа мамандық

игеру үшін курстар туралы біраз мәлімет білемін. Шаршамай, жұмысымызды бітірдік, – дейді Раушан Маясарова.

Орталықтың ашылу құрметіне қазақстандық Dos-Ortopedia компаниясы мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қажетті арбасын алуға бес сертификат дайындапты.

Өз тілшімізден

Қос ұжым құрмет күшағында

Биыл тарихи өңірдің шежіресіне айналған Абай аудандық «Абай-ақиқат» газетінің жарық көре бастағанына – 50 жыл, кеншілер шаһары жаңалықтарының жаршысына айналған «5 арна» телеарнасының эфирге шыққанына – 30 жыл толды. Облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын мерейтой пелері қос ұжымның басшысын қабылдап, құрмет көрсетті.



Екі іргелі ұжымның қуанышты сәтіне орайластырылған жиынға облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, Қазақстан Журналистер одағы Қарағанды облыстық филиалының директоры Жәнібек Садыханов пен облыстық «Сағуақ» телеарнасының басшысы Берік Дүйсетбаев, «Сағуақ ақпарат» ЖШС директорының орынбасары Оксана Мягких қатысты.

Дерекке сүйенсек, «Абай-ақиқат» газеті жарты ғасыр бұрын «За коммунистический труд!» атауымен Мичурин аудандық партия комитеті мен халық де-

путаттары аудандық атқару комитетінің ресми баспасөз органы болып құрылған. Ал, 2001 жылдан бастап, қазіргі атауына ресми ауысқан. Содан бері аталған басшыларда 15 Бас редактор қызметін етіпті. 2021 жылы аудандық газет жекеменшікке иелікке өтті. Құрылтайшысы – «Орталықтың» түлегі, тәжірибелі журналист Құрманғазы Өтебай аудандық газетті тың идеяларымен жанаша түрлендіріп, жаңа бағытта оқырман назарына ұсына бастады. Газет бүгінде аудан көлемінде екі мың данамен жарыққа шығып, жағымды жаңалықтарымен, салмақты сараптама, байып-

ты танымдық дүниелерімен қуанып жүр.

– Өздеріңізге белгілі тез өзгеріп, жылдам дамып жатқан заманда, бүгінгі жаңалық бүгін ескіріп жатқан кезеңде ақпарат құралдарының орны еселеп артып отыр. Қай уақытта да солай болған. Осыдан бір ғасыр бұрын Алаш арысы Ахмет Байтұрсынұлы «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп бекер айтпаған. Бүгінгі күні де бұл сөз өзектілігін, маңыздылығын жойған жоқ. Руханият әлемінде ерекше орын қалыптастырып, ормандай оқырманға ие, өзінің тарихы мен дәстүрін сақтаған бірқатар басылым бар. Соның ішінде, «Абай-ақиқат» газеті мен «5 арна» орыны ерекше деп білеміз. Қос іргелі ұжымның биылғы мерейтойы әрине, аймақ жұртшылығы үшін де үлкен мәнге ие деп білеміз, – деп атап өтті Ерлан Бейсембайұлы.

Қалалық «5 арна» – бүгінгі таңда жылдам әрі сапалы телехабар тарату нарығында өзіндік орны бар үлкен ұжым. Елдің сүйініші мен күйінісін назардан тыс қалдырмай, арна журналистері елеулі еңбек етіп келеді. Осы уақыт аралығында «5 арна» «Ұлттық хабар таратушы» мәртебесін де иеленіпті.

Телеарнаның тарихына үңілсек, 1994 жылы 7 ақпан күні алғаш рет эфирге шығыпты. Содан бері табанды еңбектің арқасында Арқа жеріндегі көшбасшылардың біріне айналды. Күн сайын телекомпанияның ақпараттық қызметі жарты сағаттық «Жаңалықтар» бағдарламасы арқылы халықтың құлағы һәм көзіне айналып отыр.

Өз тілшімізден

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДЕНСАУЛЫҚ

Бетперде тағу ұсынылды

Бас мемлекеттік санитариялық дәрігер көпшілік орындарға маска тағуға ұсыным берген қаулысын жариялады. Ондағы мақсат – қызылша, COVID-19 коронавирус инфекциясы, тұмау және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялардың алдын алу. Себебі, олардың барлығы ауа-тамшы жолы арқылы таралады. Құжат 8 ақпаннан күшіне енді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қаулыға сәйкес, халықтың көп жиналатын жерде маска тағу қажет. Бұл – әуежайлар, теміржол вокзалдары, автовокзалдар, базарлар, сауда-ойын-сауық орталықтары, сауда үйлері, театрлар, кинотеатрлар, халыққа қызмет көрсету орталықтары, банктер және басқалар. Сонымен қатар, медициналық ұйымдарда персоналдың және келушілердің ме-

дициналық масканы пайдалану қажеттігі де айтылды.

Облыс бойынша жыл басынан бері қызылшаның 503 зертханалық расталған жағдайы тіркелді. Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің дерегінше, Қарағанды, Балқаш қалаларында, Қарқаралы ауданында қызылшаның таралуы басым.

Ауырғандар арасында 14 жасқа дейінгі балалардың үлесі басым, 73%-ды құрайды. Оның жартысына жуығы – 1-4 жас аралығындағы балалар. Қызылша



жұқтырғандардың 89%-ы – екпе алмағандар арасында тіркелуде.

Департамент дерегінше, жыл ба-

• ТАРИФ

Жолақы қымбаттауы мүмкін

Облыста электрондық төлем кезінде тарифті 80 теңгеден – 100 теңгеге дейін және қолма-қол төлеу кезінде 200 теңгеге дейін арттыру мәселесі талқыланауда. Соңғы уақытта дизель отыны, автошиналар күтіміне арналған материалдардың құны едәуір өскендіктен, 2014 жылы көтерілген тарифті қайта қарау қажеттілігі туындап отыр.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Тариф көтерілген жағдайда билік тасымалдаушылардан Қарағанды мен қала маңындағы аудандарға қызмет көрсететін автобустардың жұмыс уақытын ұзартуды талап етеді. Осыған орай автобустардың жұмыс уақыты кешкі 23:00-ге дейін ұзартылуы мүмкін, – дейді жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Максұт Қожанов.

Басқарма басшысының айтуынша, күн сайын 320 мыңнан астам қоғамдық көлік қызметін тұтынады. Оның ішінде облыс орталығы мен серіктес қалалар арасында күн сайын 35 мың адам жүреді.

– Өткен жылы 195 автобус жаңартылды. Соңғы 10 жылда алғаш рет 44 автобус серіктес қалалармен байланыстыратын қалаларлық маршруттарда ескірген жылжымалы құрамды ауыстыруға жіберілді. Осының есебінен Қарағанды маңына қызмет көрсететін автобустардың шамамен 50%-ы жаңартылды. Барлық дерлік жаңа автобустар ерекше қажеттіліктері бар адамдарға бейімделген. Арнайы тұтқалар, пандустар бар. Қарағанды бойынша автобустардың «орташа жасы» – 7 жыл. Бұл – біздің республикамыздың басқа қалаларымен салыстырғанда өте жақсы көрсеткіш, – дейді Максұт Қожанов.

Қоғамдық көлікті цифрландыру да жалғасуда. ONAY! жүйесі 2023 жылы



Жолаушылардың 95%-ы қолма-қол ақшасыз төлейді. Сондай-ақ, биыл Балқашқа 29 және Абай ауданы үшін 8 жаңа автобус сатып алу жоспарланған. 47 ауданаралық маршрут жұмыс істейді. Нұра және Ботақара кенттерінде, Қарқаралыда автобустар іске қосылды.

Балқаш пен Саранда енгізілді. Биыл Теміртау мен Шахтинск қалаларында электронды билеттеу жүйесін іске қосу жоспарлануда.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АУА РАЙЫ

«Кәрі құда» кәріне мініп тұр

Бейсенбіден бастап, «Қазгидромет» мамандары 14 ақпанға дейін облыстық басым бөлігінде бұрқасын, көктайғақ күтіледі деп дабыл қаққан. Сонымен қатар, желдің жылдамдығы секундына 20-28 метрге дейін жетугі мүмкін деп болжап, тұрғындарға қауіпсіздік шараларын сақтауға шақырды. Ал, аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев облыс тұрғындарына үндеу жасады.

Кешелі бері аймақтың басым бөлігінде қатты дауыл соқты. Соңғы тәулікте, яғни, бейсенбіден жұмаға қараған түні төтенше жағдайлар қызметкерлері бес адамды құтқарып, 182 адамды эвакуациялады. Ал, эвакуацияланғандардың ішіндегі 12-сі – бала. Сонымен қатар, кеше боран мен көктайғақтың салдарынан республикалық маңызы бар «Екатеринбург-Алматы» бағытындағы жол учаскесі мен облыстық маңызы бар «Пришахтинск-Новостройка», «Нұра-Осакаровка» тас жолында көлік қозғалысына шектеу енгізілді.

Аймақ басшысы, өз сөзінде өңіріміздегі республикалық маңызы бар тас жолдарға «ҚазАвтоЖол» қызмет көрсететінін баса айтты. Айта кетейік, бүгінде жолдардағы қауіпсіздік қызметі үшін 83 арнайы техника жұмылдырылған.

– Облыстық және республикалық маңызы бар тас жолдарда жол полициясы тәулілік бойы жұмыс істеуде. Олар, сондай-ақ тас жолдар жабылғанына қарамастан, өз өмірлерін қатерге тігіп,

қалалар мен елді мекендердің сыртында жүретін автокөлік жүргізушілерін қарқаруынан құтқаруда, – делінген хабарламада.

Қарағандыда ауа райының қолайсыздығына байланысты кеше бірінші ауысымдағы 0-11 сынып оқушылары мен колледждің 1-4 курс студенттері қашықтан оқыды. Ал, төтенше жағдайлар департаментінің мамандары мұндай ауа райы 14 ақпанға дейін жалғасатынын айтады.

– Елді мекендерден көлікпен және жаю шықпаңыздар. Жабылған жолға көлікпен жиналманьыздар. Жол бойындағы объектілерде ауа райының қалыпқа келуін күткен жөн. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ауа райы туралы ақпаратты департаменттің ресми парақшасынан, теледидар, радио және әлеуметтік желілері арқылы қадағалап отырған жөн, – дейді департамент мамандары.

Өз тілшімізден

сынан бері коронавирус инфекциясының 31 жағдайы тіркелді. Қаңтарда коронавирус жұқтырған 19 жағдай тіркелді. Бұл 100 мың тұрғынға шаққан-

кiш – 23,6 құрады. Былтырғы жылмен салыстырғанда КВИ жұқтыру 14,7 есе төмендеді. Дегенмен, мамандардың айтуынша, коронавирус осы айда 4 есе өскен. 1 ақпаннан 9 аралығында 12 жағдай тіркелді. Осы аптаны өткен аптамен салыстырған кезде 12 жағдай тіркелді, сырқаттанушылық 4 есе өскені байқалды.

– Қазір эпидемиологиялық ахуалы күрделеніп тұрған қызылша, одан кейін COVID-19 коронавирус инфекциясы, тұмау және басқа да жіті респираторлық вирустық инфекциялардың бәрі ауа арқылы таралады. Екпе алмаған, созылмалы аурулары бар адамдардың оларды жұқтыруы оңай. Сондықтан, көпшілік орындарда, қоғамдық көлікте маска тағып жүруді ұсынамыз. Аймақта қызылшаға қатысты қосымша вакцинация әлі де жүргізілуде, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Юрий Залыгин.

дағы көрсеткіш – 1,6. Өткен жылдың басында 269 жағдай тіркелген болатын. 100 мың тұрғынға шаққандағы көрсет-

Қыпбатты әсерлестер!

Бүгін – ерекше күн. Қарағанды қаласының 90 жылдық мерейтойы. Мен үшін Қарағанды – жер бетіндегі ең сүйікті, ең әдемі әрі ерекше қала және менімен көпшілік келісетініне сенімдімін.

Ертеректе 1857 жылы қазіргі Қарағанды аумағында тас көмір өндіру бойынша тау-кен қазбасы – Ивановский кеніші пайда болды. 74 жылдан кейін, нақтырақ айтсақ, 1931 жылы шахтерлердің қонысы жұмысшы қонысы болып қайта құрылып, 3 жылдан кейін Қарағандыға қала мәртебесін берді.

Аймақ көмір саласының символы және әлі күнге дейін де солай. Бүгінде қала қарыштап дамып келеді. Өзінің қайталанбас келбеті мен атмосферасына ие болды, қазіргі өнеркәсіп орталығы.

Мұнда әрдайым өнердің, мәдениеттің, спорттың мықты дәстүрлері сақталған. Мұнда Алаш қайраткерлері тұрып, елімізде ғана емес, әлемдік кеңістікте танымал спортшылар, әртістер, ғалымдар дүниеге келді.

Қарағанды жері әрдайым өз таланттарымен танымал және солай болып қала береді.

Қаланың барлық жағымды жаңалықтары мен өзгерістері атап өтуге болады, бірақ, біздің Қарағандының қалай өзгергенін өздеріңіз көріп отырсыздар.

Қаланың басты байлығы – еңбеккер, қайырымды, талантты тұрғындар! Сіздердің еңбектеріңіздің, өзгелер мұны мүмкін емес деп санайтын күрделі міндеттердің алдында шегінбеудің арқасында, оны жас ұрпаққа жеткізетін ардагерлеріміздің тәжірибесінің арқасында – бүгін біз болашаққа сеніммен қараймыз!

Қаламыздың мәртебесі арта берсін, мерейлі мерекеле барлықтарыңызға зор денсаулық, еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға бақыт тілеймін.

Баршаңызды қала күнімен құттықтаймын! Қарағандының мерейтойы құтты болсын!

М.КОЖУХОВ,
Қарағанды қаласының әкімі

• ДОСТЫҚ

Бейбітшіліктің бесігі

Қазыналы Қарағанды бейбітшіліктің алтын бесігіндей көрінеді. Сонау өткен ғасырдың сырын ақтарсақ, Қарағанды еңбекпен түзеу лагерінен (ҚарЛаг) қоныстанып қалған өзге ұлт өкілдерін жатсынған жоқ. Мұнымен қоса, қаланы бірге тұрғызу үшін шыңдаған мамандар тартылды. Олар да түрлі этнос өкілдері еді...



Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мұндай қадамға сол кездегі партияның «Қарағандыны бүкіл Қазақстанмен, бүкіл Кеңес Одағымен бірге тұрғызамыз!» деген ұраны негіз болды. Мәскеуден, Ленинградтан, Донбасстан және басқа да өңірлерден Қарағандыға жоғары білікті инженерлер мен жұмысшы кадрлар, ғалымдар, педагогтер, медицина және мәдени қызметкерлер ағылды. Олар өздеріне жүктелген міндетті молынан да, онынан да атқара алды. Содан да болар, Арқа жерінің жұрты оларға құрметпен қарады, біліктілігін бағалады. Осы бір кезеңнен бастап, достық шаһарына айналды.

Ал, қазір ше? Қазірде Қарағанды – бірліктің мызғымас мекені. Бірнеше ұлт өкіліне туған топырағындай қастерлі болып кеткен-ді. Тіпті, осындағы бірнеше этномәдени бірлестіктер бір шаһардың астына топтасты. Қарағандының Оңтүстік-Шығыс ауданындағы Кеншілер даңғылының бойынан «Достық» үйі бой көтерді. Яғни, бұл ұлы достықты төріне шығарды деуге болады. Осының өзінен байырғы байыпты құрметті оған әрмен байғанын, бірліктің мөні маңыздала түскенін айтуымызға болады.

«Достық» үйі – қаламыздағы сәулетті нысандардың бірі ғана емес, өзінің атқарар міндеті нақтыланған шаһар. Сәні де бар. Салтанаты да бар. Шаһары-

мыздағы бұл шаһарға 25 ұлттың 22 этномәдени бірлестігі бар. Мұндағы бірлестіктер жұмысын науқандылықпен атқарып жатқан жоқ. Керісінше, түрлі бағыт бойынша бас қосады. Басты мақсаттары мынандай: ұлы достықты ұлықтау.

Мұндағы шаһардан әр ұлттың төл тарихымен, мәдениетімен, тұрмысымен жақын танысуға әбден болады. Көрмелеріндегі түрлі жәдігерлердің өзі көз тартады. Мұнда арнайы экскурсиялар, кездесулер жиі ұйымдастырылады. Түрлі тіл үйренетін курстар, шеберлік сағаттары да осында өткізіледі.

«Достық» үйі тек бір мақсатта ғана жұмыс істеп тұрған жоқ. Қаладағы рухани орталықтың біріне айналып келеді. Неге десеңіз, мәдени, рухани іс-шаралар жиі өтеді.

Мекеменің дөңгелек үстел өтетін үлкен залында ұлы Абайдың мынандай сөзі жазылып тұр. «Адамзаттың бәрін сүйі, бауырым деп...». Ұлы кемеңгердің бұл сөзіне кеншілер қаласының тұрғындары әлбетте, құрметпен қарайды.

Тоқсанға толған шаһардың достық, татулық тамыры әріден басталғанын жоғарыда сөз ете кеттік. Қорытынды сөзді былай түйіндесек: Қарағанды ынтымақтың қаласы болса, «Достық» шаһырағы бірліктің бойтұмарына айналып келе жатыр.


Суреттер «Достық» үйінен алынды

Қазақстан өндірісінің қара нары

(Соңы. Басы 1-бетте)

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарында бай көмір алабы мен кен орындарының осы тұстан ашылуы жер тағдырын түбегейлі, адам танығысыз етіп өзгертті. Шахталар, зауыттар салу әрі көмір өнеркәсібін қарышты дамыту үшін инфрақұрылым құру Кеңес Одағының түпкір-түпкірінен жұмысшыларды бес саусақтай жұмылдырды.

Сонау 1934 жылдың 10 ақпаны күні жаңа әкімшілік-аумақтық бөлініс туралы Қаулыға сәйкес, Қарағандыға ресми түрде қала мәртебесі берілді. Егер мұрағатта сақталған құжаттарға сүйенетін болсақ, Қарағандыда қалалық кеңес 1931 жылы 21 желтоқсанда құрылғанын білеміз. Сонымен қатар, қалалық кеңестің құрылысы шаһар тыныс-тіршілігінен бұрынырақ басталып кеткенін де аңдатады. Ол кезде қала халқы 100 мыңнан асып жығылған. Қарағанды көмір бассейні жарты әлемге бүкілодақтық құрылыс деп жарияланды. Бәзбіреулер Қарағанды атауын «Қарақанды» атты көмір түрімен шендестірсек, кеңірек таралған тағы бір нұсқасы Қарағанды саймен байланыстырылды. Не десек те, қазақы нақышпен ныспыланған бұл атау кейінше республиканың ғана



емес, одақтың атын дүние жүзіне мәшһүр етті. «Где-где? В Караганде!» деген ресей тіліндегі мәтел күні бүгінге дейін көп жайдан ақпар беретіндей. Ал, 1940 жылы Қарағанды 165 мың халқы бар ірі өнеркәсіптік және мәдени орталыққа айналды. Мұндағы көмір бассейні кеңестік державаның үшінші көмір кеніші болып қалыптасты. Соғыстан кейінгі жылдар мен елуінші жылдардың аралығында Қарағанды билігі қаланың құрылысы мен сәулетін жандандыруға уақыт пен қаражат тапты. 1958 жылдың өзінде қалада 24 аурухана, 5 перзентхана, 11 емхана, 82 күндізгі және 30 кешкі мектеп, 4 жоғары оқу орны және көмір профиліндегі 7 ғылыми-зерттеу ме-



Сурет ашық дереккөзінен

кәсіпорын жұмыс істеді.

Әлеуметтік мәртебемен бір мезгілде қаланың өнеркәсіптік әлеуеті де артты. Сексенінші жылдары «Қарағандыкөмір» өндірістік бірлестігінің құрамында 66 кәсіпорын жұмыс істеді. Оның құрамын-

ғашқы қадамдарынан бүгінге дейін саналы адам таңырайтын таңғажайып белестерді бағындырумен болды. Әуел баста қос қолымен қайла көтерген алақандай кеншілер ауылынан заманауи қалыптағы жарты миллионнан астам тұрғыны бар мегаполиске айналды. Қарағанды экономикалық, ғылыми және мәдени әлеуеті бойынша мемлекет аумағында жетекші орындарды иеленді. Әрбір үшінші тұрғыны кенші иә болмаса, металлург болып еселі еңбек ететін қала ел аузында кеншілер астанасы деп тегін аталмаса керек. Қарағандының қарамағында қапталдасып жатқан жиырмадан астам қалалық пен кент еліміздегі жалғыз спутник-қала.

Бүгінде қала барынша көркейіп, қарышты қадамдармен дамып келеді. Жаңа құрылыстар мен одан да ерекше нысандар бой көтеруде.

Қарағанды белгілі бір тұрақты өткізу нарықтары бар ірі сауда орталығына айналды.

Қаһарманның қажырын қайраған қала, ақынның жүрегің тербеткен жыр болып төгілді. Қазақтың қасиетті кенішті шаһарының торқалы 90 жылдық тойы жай ғана бір мерейтойлық сәттің ұштауы ғана емес. Тарлан тарихын таразылар тағылым. Болашаққа бағдар қыларлық мәуелі меже. Бұл қала – тірі тарих. Бұл қала – мәдениет мәйегі. Бұл қала – қарақан жұртымыздың қара нары! Қасиетті де қазынасы қорымса қамбамыз. Келер күн байрағы күнмен шағылысып желбіреген өркенді елге тек шаттық пен баянды бақыт сыйлайтынына сенім кәміл!

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Қазыналы Қарағанды

- 1934 жылы Қарағанды қала мәртебесіне ие болды.
- 1935 жылы қала халқының саны 135 мыңға жетті.
- 1935 жылы жалпы көлемі 10906 шаршы метр кірпіш және тас үйлер салынды.
- 1935 жылы Қарағанды шахталарына электр жүйесі қосылды.
- 1935 жылы алғашқы кірпіш, әктас зауыттары іске қосылды.
- 1936 жылы шілдеде Бүкілодақтық Атқару комитеті президиумының қаулысымен Қарағанды қаласы облыс орталығы мәртебесін алды.
- 1936 жылдан бастап Қарағанды қаласы үн тарту комбинаты жұмыс істеді.
- 1937 жылы Қарағанды цемент зауыты іске қосылды.
- 1938 жылы қалада Киров, Ленин және Сталин аудандары құрылды.
- 1939 жылы Қарағандыда «Қараганда шахтострой» тресі, қалалық коммуналдық шаруашылық мекемесі, облыстық комплексі ауыл шаруашылық станциясы ұйымдастырылды.
- 1940 жылғы қаңтарда Қарағанды көмірі тиелген бірінші эшелон Ақмола-Қарталы теміржолы арқылы Магнитогорск кен-металлургия комбинатына жөнелтілді.
- 1940 жылы Қарағандыда 6 млн. 300 мың тонна көмір өндірілді.
- 1940 жылы қаланың 30 мектебінде 19 200 бала оқыды.
- 1940 жылы тамызда ботаникалық бақ ашылды.
- 1941 жылы Ворошиловградтан эвакуацияланған Пархоменко атындағы машина жасау зауыты іске қосылды.
- 1942 жылы ақпанда Бағыстан көшірілген Артемовск аяқ киім фабрикасының базасында Қарағанды аяқ киім фабрикасы құрылды.
- 1943 жылы мамырда Қарағанды облыстық ғылыми-техникалық кітапханасы ашылды.
- 1943 жылы тамызда қалада ақындардың республикалық айтысы ұйымдастырылды.
- 1946 жылы қалада орталық мәдениет



және демалыс паркі ашылды.

- 1948 жылы облыстық музыкалық мектеп ашылды.
- 1949 жылғы 2 шілдеде Қарағанды геологиялық басқармасы құрылды.
- 1949 жылы Қарағанды медицина институты ашылды.
- 1951 жылғы қарашада Кеншілердің мәдениет сарайы ашылды.
- 1955 жылы теміржол вокзалы салынды.
- 1958 жылы Қарағанды телевизия студиясы құрылды.
- 1958 жылғы Шахтер орталық стадионы ашылды.
- 1966 жылғы 9 маусымда Қарағанды кооператив институты (қазіргі Қарағанды экономикалық университеті) құрылды.
- 1967 жылы қалада тұңғыш троллейбустар жүрді.
- 1969 жылғы 14 мамырда Қарағанды қаласының Совет ауданы құрылды.
- 1970 жылғы 27 тамызда Педагогикалық институттың дене тәрбиесі факультеті негізінде Қарағанды мемлекеттік дене тәрбиесі педагогика институты құрылды (1997 жылы таратылды).
- 1972 жылғы 25 ақпанда педагогикалық институттың базасында Қарағанды мемлекеттік университеті құрылды, оған 1995 жылы Е.Бөкетов есімі берілді.
- 1972 жылы КСРО ІІМ жоғары мектебі

ашылды.

- 1972 жылы «Октябрь» (қазіргі «Ақжолтай») спорт сарайы ашылды.
- 1973 жылы қазанда Қарағанды музыкалық комедия театры ашылды.
- 1975 жылы Ұлы Отан соғысында қаза болған жауынгер қарағандылықтар мемориалы ашылды.
- 1979 жылы Баспасөз үйі пайдалануға берілді.
- 1986 жылы «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы орыс тілінде жарық көрді.
- 1988 жылы бейнелеу өнері музейі ашылды.
- 1989 жылы қала мен облыс тұрғындары ұзақ үзілістен кейін алғаш рет Наурыз мерекесін тойлады.
- 1990 жылы «Қарағанды. Қарағанды облысы» энциклопедиясы қазақ тілінде жарық көрді.
- 1995 жылы сәуірде Фитохимия институты құрылды.
- 1999 жылғы 29 тамызда Қарағанды көмірін алғаш тапқан Аппак Байжановқа ескерткіш қойылды.

Дайындаған:
Рысбала СМАҒҰЛОВА,
ардагер ұстаз

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Қарағандының жүрегінде – ғасырлар кардиограммасы

(эссе)

Ақынды төбемізге тұтқан халықпыз. Себебі, һас ақынның (олеңі емес) жүрегінен туған Сөз Жаратқаннан түседі деп білеміз. Санасы сәулелі жандар халқының мұң-мұқтажын ғана емес, келешегін де дөп болжай алады. Осы сөзімізге дәлел келтіру үшін қазақтың маңдайына біткен таланттың бәрін тізбей-ақ қоялық. Абайды ғана мысалға келтірсек, жеткілікті. Көңіліңіз ауып жатса, әрідегі билердің, жырғаулардың асыл сөзіне жүрек көзін бұрыңыз. Әбден көзіңіз жетеді. Ақын – әулие!

Осыдан тура 20 жыл бұрын, яғни, 2004 жылдың ақпан айында облыстық «Орталық Қазақстан» газетіне «Қарағандының жүрегінде – ғасырлар кардиограммасы» деген эссе жарияланды. Бұл эссе – Қарағанды қаласының 70 жылдығына арналған еді. Авторы – Алаштың айбоз ақыны, Абай атындағы мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлы. «XX ғасырдың жиырма сәтімен» жарқ етіп, поэзиясымен ғасырлар бойы теперіш көрген ұлы рухты қазақтың кеудесінде жаңғыртқан классик ақын. Халқы мойындап, төріне шығарған шайырдың әр сөзі дүмпу туғызды.

Ақын эссесінде Қазақстан үшін Қарағанды қаншалықты қастерлі екенін айтады. Өткен мен бүгінді салмақты таразылайды. 90 жылдығына жеткен Қарағандының келешегін де тап басып айтқандай әсер қалдырады. Ақынның әулие екеніне тағы да көзіңіз жетеді. Дауылпаз Қасым «Сен нектен бақытты едің, келер ұрпақ, Қараймын елесің мен таңырқап...» деді емес пе?! Түсіңген жанға біз – Егмен елдің бақытты қазағымыз. Ойласаңыз, Қасым бізге таңырқапты. Қалай білген? Серік Ақсұңқарұлы да бүгінгі шалқып жүрген қарағандылықтарға таңырқай да, қызыға қараған.

Редакциядан

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ

Сарыарқаның ұшы-қиырына көз жетпес ұлан ғасыр даласының осынау ой-қыры әр кезде Сармантай Мұраттың жазғандай болатын-ды. Аңғалдығына иісі Алаш түгілі, адамзат таң қалатын көшпелі жұрттың қой соңындағы бір перзенті күтпеген жерден көмір қабатына қаз болып қараған жағатын қазақтың қазан-ошағын кара көмірмен маздатқан күні осы беленде өзінен соң 34 жылдан кейін дүниеге келетін қаһарлы империяның ғаламат бір кенті бой түзейді деп ойлады ма екен...

Керемет оқиғаларға толы керуен дүние ғой бұл. Айбарынан адам сескенетін ұлы Тұран тұралап құрып, қабағына қарсы қараса жылаған бала уанатын уытты империяның болымсыз бір бөлшегі болады деп кім ойлаған?! Капитализмге ат басын шалдырмай, феодализмнен социализмге бірақ қарғыған қазақ 70 жылдың ішінде жер бетінде бұрын-соңды болып көрмеген тарихи сілкіністерді бастан кешірді. Қапас дүниенің қара түнегінде құл мен күннің қаһарланып тұрған кезі болатын-ды. Пайғамбар жасынан асып, алып шаһарға айналған қара алтынды Қарағанды ГУЛАГ-тың бесігінде жатып ержетіп, дүние-жүзілік екінің қырғынның бастауында Кеңестер Одағының керуен көшін өгіздей өрге сүйреп, ғарыш заманның ғаламат аэропортына айналып еді. Алаштың Алматыдан кейінгі Арқадағы екінші Астанасы да, өгіздей бас қаласы да – осы болды.

Пролетариат диктатурасы оны жұмысшы табының табан тіреген жатақханасына айналдырмақ болса да, тарихтың дамуы, тағдырдың жазуымен ол қазақ зиялы қауымының бас қосқан екінші қаласы болды. Алматы Мәскеуге ұқсаса, бұл Санкт-Петербургке ұқсап барады. Алаштың бауырындағы асқақ шаһарымыз Алаштың От-анасы болса, Қарағанды От-ағасына айналды!

Сондықтан оны Қазақстанның ірі индустриалды орталығы деп қана қоймай, Алаш ақылманының ордалы отауы, рухани бесігі деп түсінгеніміз жөн болар. Арқаның өзіне тән ойлау жүйесі, көңіл арбайтын көркем дүниесі, тамаша талғам дәстүрі осы жерден көзге ұрып тұрса, қандай ганибет?! Еншісі бөлінбеген қазақ Тәттібеттің күйіне осында келіп тамсан-

са, Қаздауысты Қазыбектің даналығын осы өңірден бойға сіңіріп, Мәдидің әніне осы жерден таң-тамаша қалса, Қасым Музасының тереңіне осы өлкеде сүңгісе, қандай ғажап болар еді?!

Қарағандының жүрегін ашып қарасаңыз, XX-XXI ғасырлардың кардиограммасы көзіңізге шалынар еді. Архитектурасынан бастап шежіресіне дейін кешегі кеңестік дәуіріміздің қолынан шыққан.



Асқақ романтикаға толы алғашқы бесжылдықтар. Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі шаруашылықты қалпына келтіру дәуірі, тың игеру, ғарыш заманы, желтоқсан ызғары осы Қарағандының кеудесінің үстінен өтпей пе еді. Қарағанды – қазақтың автопортреті.

Ел егемендік алғалы Қарағанды да қайта туды. Билік басына Камалтин Ескендірұлы келгелі балқонда шәй қайнатып, аулада ет жасқан кезімізді езу тартып еске алатын күнге жеттік. Қаламызда жаңа ғимараттар бой көтеріп, көшелер шеру тар-

тып барады. Қаламыз самаладай жарық. Төңірі Қарағандыға оң көзімен қарап тұр. Қарағанды – Қарағанды болғалы билік басына исі қазақтан Камалтин Ескендірұлындай ірі тұлға келген емес-ті. Келді! Сарыарқада хан нөкерін түзеді! Сарыарқада хан нөкерін түзеді, Ешкім де енді бағыра алмас тізені. Осы еді ғой Көк Бөрінің қорымы, Кейін оны ит те, құс та торыды. Қазғым-ай, қалай толдар деуші едім, Хан Кененің үңірейген орыны?!

Өмірде бұл бақ та, сор да өтпелі, Төңіріне ұлып тұрған көктегі, – Ит пен құс кеп тартып алған орынын, Бұл дүниенің шерлісі ғой Көк Бөрі!

Алашымды аяр заман алдап бір, Қара шекпен бір талады, қалмақ – бір. Сайтан келіп саф алтынын тонаған, Сарыарқа емес – ҚарЛаг бұл!

Алла – Алтайдан түгендеуге құтымды, Бір қыранның томағасын сыпырды. Нефедовтің ат қорасы мұндағы – «Авгейдің ат қорасы» сықылды!

Пенденің көп онысы мен мұнысы... Ұл тумаса, кеңейе ме ел тынысы? Құл тумаса көншімейтін көңілі, Ұрғашы екен бұл тобырдың – Жынысы!

Алаш зәру уытты ұлға ұлы істе, Алтыңа аптап, күптейтін сол күміске. Лаң салған Ықыластан қажыды ел, Махамбет пен Исатай керек бұл іске!

Көк төңірі Қарағандыға қарады, Сарыарқа – Ару кара шашын тарлады. Азаттығы – Алтын алқа мойнында, Қазақ Тілі аспанға ұшып барады! Қарағандының таныған адамның қазақты да тануы сөзсіз. «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның

садағасы» дейтін қазақ халқының бітім тұлғасы осы қаланың көшелері мен гүлзарларында менмұндап тұр. Қазақ болудың қасіреті мен ұлылығын ұққысы келетін жұрт осы қаланың тысы мен астарына үңіліп, көне шежіресінің беттерін парақтап көрер. Ғасырдың гордий түйініндей қайшылығы Қарағандының көшелерінің бұрыш-бұрышында бұырқанып жататыны – содан. Оның Бұқар жырауының Иса пайғамбарға ұқсайтыны да содан болуы керек...

Бізден кейіндеу дүниеге келіп, Қазан төңкерісін тарих оқулықтарынан зерделейтін ұрпақ Қарағандыға қайтсе де соқпай кете алмайды. Адам баласының қып-қызыл қаны мен ащы маңдай терінің мұхитының үстінде тұрғызылған бұл қала өзінің тылсым жұмбағымен ел назарын өзіне аудар бермек. Осалдығы қандай болса, мықтылығы да сондай бұл шаһардың тарихнамасында алтын әріппен жазылған беттер, жазылатын беттер әлі де көп. Адамзаттың нелер жақсы мен жайсаңы ат басын тіреген алтын бекетіміз Орталық Қазақстанның ордабасындай Евразия екі құрлығының күретауыр жоңдары осында келіп тоқайласып жатады. Алашты келешекке жалғайтын керуен сарай осы болар, мүмкін?

Дегенмен, Қарағанды, ғаламның бірде-бір қаласына ұқсай қоймайтын шаһар. Ұқсаса – Ресейдің шаһарларына ғана тартып кететін жері бар шығар.

арбалмайтынымыз да, Мәскеуден қызыңқырап келіп, Қарағандыдан бас жатындарға таң қалмайтынымыз да содан шығар.

Қазір Маркстен көңілі қалған қалың елдің Мағжанды қайта тауып, Алла Тағалаға бас иетін заманында ғұмыр кешіп жатырмыз. Соңғы кезде 3004 жылғы Қарағанды қандай болады деген ой менің де түсіме кіріп, түн ұйымды төрт бөлетін болып жүр. Заман өзған сайын дәстүр де тозады.

Ол кезде ой-толғамымыз бұдан гөрі кемелденіп, қаланың төрт бұрышына қараған кісінің көзіне қазақтың ою-өрнектері көбірек шалынуы мүмкін. Кілем төсеніш босағаға жылжып, сырмақ, текемет төрге озатын болады әлі. Мұздатқыштың қақпағын айқара ашып қараған қарағандылықтың жанары қазы-карта, жал-жаяға түсіп, көңілі қолбаса жарықтық қайда кеткен осы деп алаңдап қалуы да мүмкін.

Қаламыздағы пәтер құны пәленбай доллар болып тұрғанымен, енді жүз жылдан кейін оның бағасы жүз есе арзандауға тиіс. Ол кездегі қарағандылықтар жатақхана деген сөзге жатырқай қарап, оның неменен екенін түсінбей қалуы ғажап емес.

Біздің буын үйінен қызмет орнына, одан базарға жеткенше автобустың жолақысына 20 теңге төлеген екен деген қауесет естілгенде болашақ қарағандылықтардың бізге жаны ашып қалуы да ғажап емес. Дегенмен, біздің өзіміздің өзімізге жанымыз ашып, өзгенің көзіне көзтүрткі болмаудың қам-қаракетін бүгіннен бастап қарастыруымыз қажет.

Енді жүз жылдан кейін Қарағандының ішкі хәм сыртқы келбеті Европадан гөрі Нью-Йорктан келген қонағымыз Мекке-Мәдинеге келдім бе деп ойлап қалуы, тіпті, ғажап емес. Бір кезде бүкіл он бес одақтас республиканы асыраған Қарағанды кеніші ол кезде жер шарының қазанында қазы-карта салып бермесе де, бүкіл планетаның ошағының отын жағатын шамаға келіп қалады. Алаштың ғана емес, адамзаттың ырысына үлес қосу деген емес пе!

1883 жылы Қарағанды өлкесінен кара көмірдің бір кесегін тауып алып, ошаққа тұтатқан Аппақ Байжанов Американы алғаш ашқан Колумбға ұқсас адам екен. Сол кісінің от жаққан жерінде ордалы көмір кеніші тұр. Ғаламзаттың саяси картасындағы адамзаттың айтулы елдімекені бұл. Тоталитарлық қоғамның темір қақпасы тас төбесінен қанша түйсе де, Алаштың абыройын аспандатып, ырысын молайтып келеді. Тамыз бүлігінде тамам дүние демін әзер алып, Кеңес империясының тілі аузына жабысып қалғанда:

– Бұл – мемлекеттік төңкеріс! – деп жарық дүниеге жар салған жалғыз дауысты ең алғаш осы қала естіген еді! Қарағандының әкесі – Қазан төңкерісі болғанымен, анасы – қазақ, кіндік ішесі – он бес одақтас ел еді. Бүгінде оның кейбіреуі бүйректен сирақ шығарып, еншісін бөлесе алмай, бір-бірімен ерегісіп жатыр. Қарағандының жүрегіне ол да онай тип тұрған жоқ.

Хауа-Ананың Қабылы мен Әбілі қырғы қабақ болып, қырғын сала бермес. Татулық деген бала бар, адамзаттың бауыр еті – татулық, жыл құсы болып ұшар да, еліне қайта оралар. Оралмай қалай жоғалар, түңілген көңіл түзеліп, бүлінген заман оңалар. Тіліміз басқа болғанымен – тілегіміз бір, жүзіміз басқа болғанымен – жүрегіміз бір. Адам Ата – Хауа Ана перзенттеріміз ғой, ел ішіміз тыныш болып, кенішіміз ырысқа тола берсін, халайық!

Суретті түсірген Жангелді ӘБДҒАЛЫМ

• ТАҒДЫР

Қарағандыдағы Қарағанды әулеті

Аймағымызда мейманасы тасып, берекесі ұйысқан дәл осындай әулет бар. Қарқаралы ауданы, сонау Темірші ауылында зейнет жасына дейін аттан түспей, қой баққан Қарағанды ақсақалдың үрім-бұтағы бүгінде тамырын теренге жайған.

Қасымхан БҰРҚІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы 1934 жылы құрылған болса, Қарағанды ақсақал дүние дидарын 1938 жылы ашқан. Былайша айтқанда, замандас. Қарағанды деп ат телудің әуелгі себебі, шаңыраққа бала тұрақтамағандықтан, жердің атауын ырымдаған. Екінші себебі, жаңадан құрылып жатқан қаланың сол кездегі қарқыны қалың қазаққа жаңалық еді. Сөйтін, Қарағанды ақсақал абыройлы ғұмыр кешеді. Құдайға шүкір, атадан жалғыз қалған одан қазір бір қауым ел тараған.

Байырғы «Еңбек» совхозының мыңғырған қойын қонды етіп баққан, бағамындағы әр аналыққа егізден төл ерктен озат шопандардың бірі. Сондықтан болар, бертіңге дейін атынан түспеді, еңбегімен елге үлгі бола білді.

Атадан жалғыз қалған ақсақалдан он бала өмірге келді. Өзінің жалғыздығы жанына батқан болар, балаларының

бір-біріне сүйеу, тіреу болғанын аңсады әке жүрегі. Ақсақалдың ойлағаны оңынан келді: қазір сол он баладан 31 немере, 48 шөбере бар. Мұндай әулет дәулет емей немене?!

«Өкінішке орай, әкеміздің атын кім қойғанын біле алмадық. Әкеміз сондай мейібан еді. Еңбеккер еді. Анамыз екеуі балаларына бар өнегесін берді. Содан жаман болмадық. Өстік, өндік. Былтыр әкеміздің қайтқанына жиырма жыл толып, елге барып, құран оқытып келдік. Анамыз 2000 жылдары өтті өмірден. Екеуінің сыйластығы ерекше еді. Қазір он баладан екі қыз, үш ұл қалдық. Тағдыр ғой. Бес бауырымызды жер қойнына табыстау оңайға түспеді. Құдайға шүкір, соңында ұрпағы қалды. Қазір бірлігіміз жарасқан бір үйдің балаларындаймыз. Соның бәрі Қарағанды әкеміз бізге өсиет еткен ақылының арқасы», – дейді ақсақалдың ұлы Жанайдар.

Қарағанды ақсақал ауылына ғана емес, Қарқаралы өңіріне қадірлі ақсақал еді. «Шырқаған әні өзіне жарасымды, әзіл әң-



Сурет және сөзбенің ұрпағы

гімелері, қағытпа қалжыңдарымен ортасының думаны, сәні еді», дейді көзін көргендер. Балалары бас қосқанда «Әкеміздің әні» дегенді шырқайды екен.

Жиендерінің көңілін баққан көрінеді. Шаңырағына қонақ келсе, бір малын сойып тастап, жәні келсе, астына атын мінгізіп жіберетін даланың дархан қазағының

өзі болыпты.

«Мен сол кісілердің бауырында өстім, баласындай болдым. Есімде қалғаны Мәрзия әжемді керемет қадірлеп, еркелетіп отырғаны еді. Әжем екеуі қосылып ән шырқайтын. Тамашалаған ел тамсанатын, қол соғатын. Балалары, немерелері – шетінен өнерлі. Түрлі аспапта ойнайды. Өнерде

жүргеніміз сол негізімізден ғой», – дейді Мәди немересі.

Қарағанды ақсақалдың тегін алған немерелері мынадай қызыққа жиі тап болады екен. Мәселен, дәрігер тегін сұрап, оған Қарағанды деп жауап қайырса, «Сіздің қай жақтан екеніңізді емес, тегіңізді сұрап жатырмын», дейді екен.

«Мұндай қызықпен жиі тап келеміз. Тегіміздің Қарағанды қаласымен аттас екеніне көздері жеткен соң, өздері таңданып қалады. Шынымен, кездейсоқ есім ғой. Осындай ерекше тегіміз бар, әкеміздің тектілігі және бар, біріменен мақтанамыз», – дейді немересі.

Мұндайменен ұлы Жанайдар да жиі кезігеді. Әкесінің атына қызыққандарға, «Әкеміз шахтер болған. Қаланың атауын менің әкемің құрметіне қойған», деп қағытады екен.

Міне, Қарағанды ақсақалдың ұрпағы Қарағандыны көркейтуге көпшілікпен бірге үлесін қосуда. Балалары, немере-шөберелі түрлі салада еңбек етіп жүр. Атап айтсақ, ішкі істер органдарында, спорт саласында, модениет саласында, өндіріс орындарында. Тамыры терендеп, жапырағы жайқалған Қарағанды әулеті де қаламен қатар өркендеп келе жатыр.

Отандық ғылымға олжа салғандар



Инженерлік кадрдың қаласы Қарағандының өмірі өндіріспен тығыз байланысты. Білгендер «Қарағандының көмірі жарты әлемді жылытады» дейді. Ұстахананың жоғары брендін сақтау оңай емес. Дегенмен, бүгінде Арқа ғалымдары қуатты ғылыми-білім беру базасын қалыптастырып, жоғары интеллектуалдық әлеуетін байқатып үлгерген. Біліктілікпен қатар тәжірибесі ұштасқан дәрігерлерімен танымал өлке Қазақстан тарихынан ойып тұрып орнын алды. Өндірісі қайнаған, өмірі жайнаған өңірдің қоғам алдында әлеуметтік жауапкершілігі жоғары.



Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

50-ші жылдары...

Қарағандының 50-ші жылдардағы өркендеуі – Қарағанды техникалық университетінің тарихымен әрі Қазақстан өнеркәсібінің қарқынды дамуымен сәйкес еді. Соғыстан кейін көп мамандар Қарағанды қаласында көмір бассейнін көтеруге қалды. Сол уақытта Орталық Қазақстанда қара және түсті металлургия алпауыттарының салынуына орай, көмірге және басқа да пайдалы қазбаларға сұраныс артты. Қаладағы шахтаға қажет инженер кадрлар үшін Қарағанды тау-кен институты құрылып, директор қызметіне қазақтан шыққан тұңғыш тау-кен инженері, техника ғылымдарының кандидаты Жүніс Нұрмұхамедов тағайындалды. Шахтада жұмыс тәжірибесі бар алғашқы 209 адам сол кезеңде тау-кен электромеханигі мамандығына қабылданған. Институт ашылған жылдың өзінде 8 ғылым кандидаты болыпты. Жұмысшы жастар өндірісті әрі кешкі бөлімдегі оқуды қатар алып жүріп, өңір өнеркәсібін жандандырған.

1955-1959 жылдары аймақта Алаш арысы, профессор, мемлекет қайраткері Әлімхан Ермеков есімі ерекше танылды. Көрнекті ғалым қарағандылық институтта қызмет ете жүріп, математикалық терминологияны дамытты. Институтта дәріс оқуымен қатар, қазақ жастарына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш «Жоғары математика» оқулығы шығарған. Түпнұсқасын автор Қарағандының өлкетану мұражайына тапсырыпты. Сол кезеңде Орталық Қазақстанда металлургия, тау-кен, машина жасау, энергетика, көлік және құрылыс салалары қарқынды дамыды. Жаңа инженер маманын қажеттілігі туындап, Қарағанды тау-кен институты политехникалық институт – ҚарПТИ аталып, республика-

дағы алғашқы политехникалық институт болды. Қарағандылық университет сол уақыттың өзінде қазақ өнеркәсібіне 28 мың инженер сыйлаған.

50-ші жылдардан кейін...

Қаладағы жоғары оқу орындары мен ғылыми зерттеу және жобалау институттарында мыңға тарта ғалымдар еңбек етті. 1970 жылы Қарағанды мемлекеттік университеті құрылып, ғалым Евней Бөкетовтің бастамасымен жаңа мамандармен толыққан оқу орны, отандық ғылымның өркендеуіне өз үлесін қоса бастады. Балқаш кен-металлургия комбинаты өндірісінде мыс рудаларын жинақы өңдеу технологиясын жасады. Қарағандылық ғалымдар осылайша Қазақстандағы жаратылыстану ғылымдарын жаңа сатыға көтерді. Өтпелі кезеңде еліміздегі екінші университеттің тура Қарағандыда ашылғаны өңірді ғылым-білімі талапқа сай, өркен жайған өлкеге айналдырды.

– Бір байқағаным – біздің Ебекеңді елдің ірі университеті ректорларының көбі жасы танып сыйлайтын. Қарағанды университеті қаз тұра бастаған алғашқы жылдардың өзінде-ақ Ебекеңнің арқасында бүкіл Кеңес Одағына танымал болды. Олай дейтінім – шыны керек, Қазақстанның Қарағанды деген қаласында республикадағы екінші университет ашылды дегенді екінің бірі біле бермейтін. Ал, оның ректоры Ебіней Арыстанұлы Бөкетов десең, «Ол кісіні білеміз, өте үлкен ғалым, тамаша адам», – деп лебіз білдіргеніңіз талай күесі болдым, – деп еске алады физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Темірғали Көкетаев.

Тоқырау жылдары туған жастардың «Евней Бөкетов» есімі аталса, өздері қанат қакқан Қарағанды университетін ойлауы заңды. Бүгінде «Бөкетов» жастары әлемнің алпауыт елдерінде көк байраға-

мызды көкке көтеріп жүр.

Кейінде заманауи буын арасында Қарағанды десе – «Ғасыр адамы» Темірғали Көкетаевтың қаласы ма? дейтін түсінік қалыптасып келеді. Қарағандыдан шыққан «XX ғасырдың ғұламасы» суық жарықты ойлап тапты. Дене қызбай-ақ сыртқа жарық шығарады. Физика ғылымында бұрын-соңды болмаған соны жаңалықты әлем физиктері түгел мойындады.

Қарағандыда сондай-ақ, медицина ғылымдарының докторы Бахия Аташбаровты ерекшелейміз. Аташбаров есімі Семей ядролық полигонының зардабын зерттеген тұңғыш қазақ ретінде әлемге танымал. Ғалымның қазақтың тағдырлы жолында жасаған ерлікке толы еңбегі ерен. Қарағанды педагогикалық училищесінен тәлім алған ғалым ерлігі солақай саясатқа байланысты ұзақ жылдар бойы айтылмағаны рас...

Әлем елдері бүгінгі таңда XXI ғасыр дәрісі – «Арглабинді» Қарағандыдан іздейтінін мойындаған жөн. Қарапайым ғылыми зертханада кәдімгі жусанның обьрға қарсы тұрар қасиеті барын анықтаған – ғалым, академик Серғазы Әлекенов. Ол – АҚШ, Ұлыбритания, Жапония, Қытай, Германия, Италия, Швецияға сатылған «Арглабин» дәрісін шығаратын Қарағанды фармацевтикалық зауытының басшысы. Бүгінде дәрінің дүниежүзіне қажеттілігі 1 миллиард дана ампуладан асыпты.

Отандық ғылым тарихында екі ғасырдың аса көрнекті тұлғаларының өмір жолынан бөлек, айтулы еңбектерінің өзі – ерен. Басым көпшілігі бұл ғұмырын туған қаласымен, байланыстырып, өркендеу жолына арнаған. Сол ғалымдардың дәрісін әлемнің «мен» деген қосбашысы оқу орындары тыңдауға даяр екенін естігенде, ерекше күйге бөленетінін рас. Өйткені, олар – қарағандылық!

ӨНЕРТАБЫС

Қатерлі ісікті қас-қағым сәтте анықтайды

Қарағандылық өрендер жыл өткен сайын ІТ-жобалар жасауда өзгелерден көш ілгері екенін байқатады. Жақында Digital Алматы алаңында таныстырылған қарағандылық Әлмұхамед Әмітовтің OncoZeroAi жобасы көптің көзайымына айналды.

Идея авторлары Әлімжан мен Әлмұхамед адамдар компьютерлік томографияға (КТ) түскеннен кейін, дәрігерлер ісікті бірден анықтай қоймайтынын байқаған. Екеуі бірігіп қатерлі ісікке қатысты деректерді жинау арқылы модельге жасанды интеллектті оқытуға кіріскен.

– Жасанды интеллектті оқыту үшін LiTS17 датасетін қолдандық. Бұл – бауырдың қатерлі ісігі бойынша стандарт деректер жиыны. Датасетте әлем бойынша түрлі клиникалық орталық ұсынған КТ-суреттер жиналған. Деректерде 130-дан аса сурет бар. Бұған қоса өзге де емханаларға өзіміз хабарласып, дерек сұраттық. Осылай, жасанды интеллектті оқытуға шамамен шынайы 1000 КТ-сурет қолданылды, – дейді жоба авторлары.

LiTS17 дерекқорында бауырдың қатерлі ісігінің бірінші және екінші кезеңі, өлшемі, сырт көрінісі бойынша түрлі дерек жиналған КТ-суреттер бар. Авторлар модельді оқытқанда нейрон жүйелері мен машинаны оқыту деген секілді заманауи оқыту әдісіне жүгінген. Медицина саласында көп қолданылатын U-Net нейрон жүйесіне негіздеп жұмыс істеген.

– Жасанды интеллект арқылы қатерлі ісікті зерттеп, дәрігерлерге көмектескіміз келеді. Старттабымыз ісікті кеш анықтау және маман жетіспеу мәселесін шешеді. «КТ-сканерлеуден өткен барлық адамның дерегін біздің интеллект «оқыса» қалай болар еді?!» деп ойладық. Қатерлі ісік уақытылы анықталса, оның емі де жеңіл болатыны белгілі. Ал, біз дәл осы нәрсеге, яғни, ісікті дереу анықтауға кепілдік береміз. Балкім, осылай, елдегі қатерлі ісіктен болған өлім санын қысқартуға ықпалымыз тиетін шығар. Себебі, статистикалық деректерден адам шошиды. Кейінгі ақпарат бойынша, елімізде жыл сайын 13 мыңнан астам адам қатерлі ісіктен қайтыс болады, – дейді жоба авторлары.

Қазір OncoZeroAi жасанды интеллект машинасы бауырдың қатерлі ісігін дереу анықтайды. Дәлдігі – 85% болғандықтан, кемі 0,1 миллиметрлік қатерлі ісікті анықтауға мүмкіндігі бар.

– Онкологтар КТ-сканерлеу бойынша ісіктің қай жерде тұрғанын анықтауға бір апта, кейде үш айдан аса уақыт жұмсайды. Ал, біз бұл процесті жеті минутқа дейін қысқартып отырмыз. Жақында multiomics деп аталатын модельді іске қосу жоспарда. Бұл бойынша дәрігерлер әлі пайда болмаған ісікті де анықтай алады. Бірақ бұл үшін КТ-сурет пен қан, ДНК сияқты талдау нәтижелері керек, – дейді Әлмұхамед.

Өнертапқыштардың OncoZeroAi қатерлі ісікті анықтайтын жасанды интеллект жобасын еліміздің төрт емханасы қолдануға ниет білдірген.

Өз тілшімізден

«Террикон алқабы» – Қарағанды мақтанышы



Қарағандының «Террикон алқабы» – зияткер жастардың ерекше ортасы. Ол жерді тамашалаған адамның кеткісі жоқ. Алқаптың білім беру форматы өзгеше болғандықтан, білікті жастар әлемнің түпкір-түпкіріне қанат қағуда. «Террикон алқабының» негізін қалаушы қарағандылық Александр Доросенконың АҚШ-қа сапары аясындағы «гуғл» компаниясындағы жұмысы сәтті аяқталғаны аймақ үшін үлкен қуаныш.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазақстандық жоба ойлап табушылардың АҚШ-қа сапары Массачусетс технологиялық институтының жасанды интеллект зертханасының ғылыми қызметкері Санжар Кеттебековтің бастамасымен жүзеге асты. Сапарда Ticketon әзірлеушісі – Леша Ли, қазіргі «Сергек» бақылау жүйесінің тең иесі – Қайрат Ахметов, Киевте Delfast электр велосипедтерін шығаратын стартаптың негізін қалаған алматылық Даниил Тонкопий болды. Қазіргі таңда кәсіпкер жігіттердің басым көпшілігі АҚШ-та қалса, басқалары Алматы, Астанада жүргенінен хабардармыз. Алайда, аймақтың ІТ хабының бастамашысы Александр туған жерінде қалауды жөн көрді. Мақсаты – кеншілер шаһарына білікті 10 000 ІТ маман тарту.

– Мен үшін әлемде Қарағандыға тең келер қала жоқ. Талантты, белсенді, іскер адамдар бір қалада жиналған уақытта бұл күшті «кейі» болары сөзсіз. Цифрлық технологияға жақын жандар үшін жағымды кеңістік әрі тартымды нүкте жасау – маңызды. Біздің қалада Лондон, Нью-Йорк және Мәскеудегі коворкингтер мен акселераторлардан кем емес орта болса деймін.

Кейде «Террикон алқабына» алғаш келгендер «Мен Қарағандыда емес секілдімін» дейді. Осының өзі бізге үлкен күш береді. Қазіргі таңда үйлер, ғимараттарға қабырға суреттерін салып,



«Террикон алқабы» бағдарламашыларының «Шахтерлер күніне» арнаған муралы



Урбанизм орталығын дамытудамыз. Қаланы шаннан газартып, заманауи эстетика сыйлаймыз. Жастар осылайша қалаға жаңа леп беруде, – дейді Александр.

«Террикон алқабының» негізін қалаушының айтуынша, 30-жылдары Қарағанды облысына қазіргі Ресей, Украина, Беларусь және Ресей территорияларынан иеліктен айырылған шаруалар жаппай көшірілді. Оның атасы мен әжесі де Қарағандыға жіберілген.

– Балалық шағым 1990 жылдармен сәйкес келді. Ол уақыттарда қалада өндіріс қысқарып, тоқтаған. Зауыттар сатылып, күрделі технологиялық жабдықтар сынықтар қатарына шығарылды.

қазіргі таңдағы басты мәселесі – университеттегі білім беру мәселесі екенін айтады. Тәжірибелі мұғалімдерді алаңға біріктіруге тырысқанмен, оқу орындары ашық диалогқа дайын емес көрінеді.

«Мысалы Қарағанды техникалық университеті әлі де өз бағдарламалары мен тәсілдерін қайта қарауы керек. Ескі бағдарламалау тәсілдерінен бөлек, нарыққа сәйкес келетініне көшкен жөн. Бағдарламашыларды оқытып шығарсақ, біразы Астанаға, Алматыға кетеді дегенімізбен, көбісі Қарағандыда қалады» дейді ол. Сондықтан «Террикон мектебі» әзірге пилоттық жоба ретінде іске қосылған. 27-30 аптаға созылатын



Барлығы әлі күнге көз алдымда. Қазіргі таңда қаржыны сауатты жұмсап, білімге бағытталуымыз керек, – дейді Александр. Білікті жастың сөзіне сүйенсек, өңірде 10 мың ІТ маманды оқытып шығару – бірнеше жаңа ірі зауыттар салғанмен тең. Қазір аймақта 3 мыңға жуық ІТ-компаниялардың қызметкерлері бар. Қарағанды бағдарламашылары үшін үлкен серпіліс қолданыстағы ЕРАМ компаниясының кенөімен байланысты болуы мүмкін. Бұл жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік бермек. Бұл модель сондай-ақ, ірі аутсорсингтік «ІТ-фабрикаларды» дамытуға бастайды. Бағдарламашы ІТ-компаниялардың

Python, PHP, Android қосымшаларын Kotlin бойынша әзірлеу курстарынан іс жүзінде 100-ге жуық білімді жасөспірім дайын болады деген сөз. «Террикон алқабындағылардың» айтуынша, жобалар нәтижесін көрсетіп, қалада айтарлықтай өзгерістер орын алуы үшін 10 жыл қажет. Дегенмен, жігерлі жігіттердің соңғы екі жылда кеншілер шаһарында көптеген маңызды өзгерістер жасағанын мойындаған жөн. Бағдарламашылар «Террикон алқабы» Қарағандының визиттік картасына айналғанына бек сенімді. Суреттер «Террикон алқабынан» алынды



Еңбек даңқымен еңселенген қала

Заман өзгеріп, заң құбылып жатқан мына қоғамда адамзат құндылықтары да түлеп, ескілері көнеріп, жаңалары көш бастап бара жатқаны анық. Дегенмен, басты құндылық – адал еңбектің маңызы мен мазмұны өзгермеуге тиіс. Онсыз өмірдің мәні, тұрмыстың сәні кетері хақ. Токсан жылдық торқалы тойында қазыналы Қарағандының атын шығарып, өшпес даңққа бөлеген ер Шахтердің ерен еңбегі екендігі даусыз. Ендеше мереке салтанаты үстінде осынау жылдарда көмірден тау тұрғызған Қарағанды кеншілерінің еңбектегі ерліктерін еске алсақ.

Адамзат тарихында ғылым мен техника, өндіріс құралдары ұдайы дамып, жетілдіріліп келеді. Көмір өнеркәсібінде жеті қат жер астынан қазына байлықты өндіру қайламен басталғаны анық. Қазақтың қабырғалы жазушысы, қазақ-кеңес журналистикасында өндірістік тақырыптың негізін қалаушы атақты Бейімбет Майлин өткен ғасырдың 30-жылдарында іргесі енді ғана көтеріліп келе жатқан Қарағандыға үш-төрт рет келіп, өзінің «Қызыл жалау» романына материал жинағаны, көмірлі қалада өндіріс озаттарымен кездесіп, екпінді изотовшы-стахановшы Мағауия Рақышев туралы «Мағауияның маңында» деген өшпес туындысын жазғаны бар. Сонда бір жылыстың «баяндамашысы» болған Мағауияның Президиум үстеліне барғанда қолында қайласы жүргенін қызық қылып келтіреді: «Мынау не етекпе болады? – деп жұрт танырқап қалады. Бақсақ – сол жиналыстың «баяндамашысы» Мағауия екен. Изотов әдісінің артықшылығын көпшілікке түсіндірмек боп тұр екен. Сөзге шебер кісі емес қой, ауыздан гөрі қолы епті: қайлаңы ұстаған қолымен түрлі қозғалыс жасап, сол көптің ынталық кереметін ұғындырып шығып еді. Сұлу сөздерден гөрі жұмысшыларға мұның «тілі» ұғымдырақ көрініп еді», – деп жазады Би-аға.



Д.Конаев Қарағандыға орден тапсырып тұр

рына жіберілді. Мысалы, 1939 жылы Днепропетровск кен институтын бітірген Әбілқас Сағынов кейін үлкен ғалым болып шықты, Қарағанды политехникалық институтының ректоры болып істеп, академик, Социалистік Еңбек Ері атанды. Онымен бірге оқыған достары Жұма Серғазин бассейнде жемісті еңбек етіп, шахта директорына дейін көтерілді, ал Ғомар Құсжанов Қарағандыда тау-кен машиналарын жобалау институтының директоры болып істеп, өнімді кен техникасын жасап шығарғаны үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Мұндай мысалдарды сол кезеңнен бастап көптеп келтіруге болады.

Бірақ, біз әңгіме етіп отырған уақытта, яғни өткен ғасырдың 30-жылдарында Қарағанды көмір бассейнінде қазақ ұлты арасынан шыққан білікті инженер, немесе



Т.Күзембаев



«Тентек» шахтасындағы рекорд

ірі ұйымдастырушы жоқтың қасы еді. Тіпті, мүлде жоқ деп есептеп келгенбіз. Жоқ, ондай бір-саңран азамат болған екен. Сталиндік қуғын-сүргіннің кесірінен кейбір арыстарымыздың аттарын атауда да қорқып келді ғой халқымыз. 2010 жылы осы Қарағандыда жарыққа шыққан «Академик А.С. Сагинов: Грани таланта» деген жинаққа жазған рецензиямда мен мынадай пікір келтірген екенмін.

«Кітапты құрастырушылар осы жерде Қаулыда көрсетілген Сұлтанбеков деген кісінің кім екенін анықтауға тырыспайды. «К сожалыни, по данным Государственного архива Карагандинской области инициалы Сұлтанбекова не указаны. При этом общеизвестно, что с созданием треста «Казхастройуголь» его управляющим был назначен один из организаторов угольной промышленности Казахстана К.Горбачев. Можно предположить, что Сұлтанбеков временно исполнял обязанности начальника угольного треста «Карагандауголь», делінеді 86-шы сілтемеде (102-бет).

Көмір тресі басшысының орынбасары болған Жағыпар Сұлтанбеков сондай бір жорамал жасайтын белгісіз тұлға емес, ол туралы деректер, тіпті, өзіміздің Қарағанды облыстық мұрағатында бар екен. Сұратып алдық. Қостанай облысының тумасы

екендігі «анықталып», партиядан шығарылады, жұмысынан қуылады... 1938 жылғы 16 ақпанда қазақтың бір топ беткеуштар азаматтарымен бірге Алматыда атылған. (А.Жанғожин, «Таланттың қырлары», Орталық Қазақстан, 4.09.2010 ж.). Осы күнге дейін рецензияға бірде-бір пенде не дұрыс, не бұрыс деп пікір білдірген жоқ. Асыл азамат көмір тресі басшының орынбасары ретінде әлеуметтік мәселелерді шешуге бел шеше кірісіп, сол кездің өзінде мекемелерде қазақ тілін оқытуға, тау-кен техникумын ұйымдастыруға, қалалық партия комитетінің жиналысы, конференцияларында өзі бас болып баяндамаларды қазақ тілін аударуға атсалысқан. Қайраткер өмірінің Қарағандыдағы кезеңі тереңірек зерттеуді қажет етеді.

Сұрапыл соғыс жылдары Қарағанды шахтерлері жау қолында қалған Донбасты жоқтатпады. Уақыт талабына сай «Барлығы майдан үшін! Барлығы жеңіс үшін!» деген ұранмен жеңісті жақындатуға жанқиярлықпен үлес қосты. Ворошиловградтан көшірілген Пархоменко атындағы завод тез арада қатарға қосылды. Қарағандылықтардың жеңіс қорына жинаған қаржысынан танк колонналары, сүңгуір қайық, «Нүркен Әбдіров» ұшағы, санитарлық ұшақтар звеносы, торпеда катерлері, артиллерия

батареялары жасақталды. Майданға кеткен шахтерлердің орнын жер астында әйелдер басуға тура келді. Солардың қатарынан ерен еңбегімен көзге түскен Ж.Мұқанова, К.Құлжанова, А.Жданова, М.Каримова, Л.Лукина, З.Раева, М.Смағұлова, Б.Ташкеева, М.Тұрлыбаевалардың есімдері тарихқа

арасында өрбіді. Сөйтіп көмірлі қалада басталған ақындық өнер сайысы кейін облыстық, республикалық сипат алды.

Қарағандылықтардың соғыс жылдарындағы ерлікке бергісіз еңбегі ескерусіз қалмады. 1948 жылы тұңғыш рет Шахтер күні мерекесі атап өтілуіне байланысты қарағандылық 10 шахтер тұңғыш рет Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Олар жоғарыда аталған Т.Күзембаевпен қатар забойшылар Ж.Әбдірахманов, М.Айтқұлов, Б.Нұрмағамбетов, С.Шоманов, проходкашылар П.Ақулов, Ғ.Халиуллин, сондай-ақ шахта бастығы Д.Обухов пен Қарағанды көмір комбинатының бастығы В.Шибаев еді.

Кен комбайнының өндіріске енгізілуі шахтер еңбегінің өнімділігін арттыра түсті. Қарағанды кеншілері кен адымды «Донбасс» комбайнымен 1957-1965 жылдары 5 әлемдік және 2 одақтық рекордқа қол жеткізді, сөйтіп өнімділік айына 28 мыңнан 58 мың тоннаға дейін артты. Проходкашылар да қалыспайды, олар 6 бассейндік, 2 әлемдік рекордпен көзге түсті. Әсіресе, өз мамандарымыз жасап шығарған «Қарағанды-7/15» проходка комбайнымен Л.Дандзберг бригадасының 31 жұмыс күнінде 2523 метр желдеткіш штретін қазуы мақтан тұтарлық көрсеткіш, әлемдік ең үздік нәтиже еді.

Мұнан кейін «аренаға» тар алымды комбайндардың шығуы көмір өндірісі тарихындағы жаңа кезең болып табылады. К-52-М, 2К-52, К-58 М, КШ-1КГ комбайндары мен қауіпсіздік дәрежесі артырылған, забойдағы қалқанды тіреу негізіндегі КМ-130, ОКП-70, МК-75, «Пиома» комплекстері өнімділікті онан сайын арттырды. Бірнеше бассейндік рекордтан кейін 1973 жылы «Михайловка» шахтасында О.Ишхели басқаратын учаске ұжымы 31 жұмыс күні ішінде қырга 177 мың тоннадан астам көмір шығарып, жаңа үздік одақтық рекорд жасалды. Бір қызығы, осы рекордтық көрсеткіш өзімізде ұзақ уақыт өзгермей тұрды.

70-жылдардан бастап бассейнде таңдаулы учаскелер арасында «бес жүз мыңшылар» жарысы, яғни жылына бір лавадан 500 мың тонна көмір өндіру жөніндегі жарыс басталып, ол қыза-қыза келіп «миллионерлер» жарысына, яғни, бір лавадан бір миллион тонна көмір өндіру жарысына жалғасты.

Бұл жарыстар Қарағанды кеншілері арасынан жаңа өндіріс озатарының аттарын мәлім етті. Еңбек жеңістеріне қуатты техниканы тиімді пайдаланып, жұмысты ұтымды ұйымдастыра білу жеткізетінін жарысқа қатысушылар жақсы білді. Инженерлік озық ой, жұмыс кестесін бұлжытпай орындау, қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтай білу қажет болды.

Бассейннің Қарағанды көмір қабаттары тобында (свита пластов) К-10 «Феликс» және К-12 «Жоғары Марианна» деген қалыңдығы 10 метрден асатын екі көмір қабаты бар. Октябрь революциясының 50 жылдығы атындағы шахтада Қасым Көрпембаев басқаратын учаске осы «Жоғары Марианна» қалың көмір қабатын екіге қажырып өндіретін. Бірақ, жаңадан тағайындалған директор біреулердің ұсынысымен тендерменшілік жасап, екі лаваны екі учаскеге бөледі. Жұмыс бірден ақсап сала береді. Қолданылатын технология бойынша үстіңгісі 30-40 метр алда жүруі тиіс. Үстіңгі лава алыстап кетсе көмірі алынған кеністіңгі құлаған жыныстарынан төменгіге қысым артады, жақындап кетсе бір-біріне жұмыс барысында кедергі келтіреді. Білікті инженер, тәжірибелі өндіріс командирі шахта директорынан осы екі лаваны да өзіне беруді талап етеді. Ақыры ол өзінің табандылығы мен қайсарлығы арқасында дегеніне жетті. Сөйтіп бассейндегі таңдаулылардың бірі атанып, сол жылы омырауына Еңбек Ерінің Алтын жұлдызын тақты, деп баяндапшы осы газетке шыққан бір мақаламда (А.Жанғожин. «Қайсар кенші Қасым», 21.04.2001 жыл).

Осындай іскерлік көрсетуінің арқасында өткен ғасырдың 80-жылдары «Михайловка», Костенко атындағы, «Шахтинск» шахталарының А.Саламатин, В.Литвинов, Н.Гладишк басқаратын учаскелері бірнеше жыл қатарынан миллионерлер атанды. Ал, 2022 жылы Шахтинск өңіріндегі



«Тентек» шахтасында 31 жұмыс күні ішінде бассейнің таңдаулы ұжымдарынан құралған учаске кеншілері 412 030 тонна нәтижемен тамаша рекорд жасап, айды аспанға бірақ шығарды. Мұндай нәтижелерге отандық қуатты комплекстер мен немістің жоғары өнімді «Айхофф» комбайндарын пайдалану арқасында қол жетті. «Бұл биік рухтың, ерік-жігердің, қазақстандық патриотизмінің жарқын көрінісі» деген баға берілді. Ер шахтерлеріміз бассейнің бір мезгіл көмескіленіп қалғандай болған өр даңқын қайтарды, еңбек құдіретін баршаға тағы бір мәрте мойындатты», деп жазылып кезінде осы тамаша жетістік туралы.

1972 жылы көмір қазып шығарудың аса тиімді технологиясын әзірлеп, енгізгені үшін комбинат басшылары: директоры П.Трухин, бас инженері Ш.Токмағамбетов, техникалық басқармасының бастығы П.Матонин, Костенко атындағы, Ленин атындағы және Күзембаев атындағы шахта директорлары Н.Гульницкий, Н.Дризд, Х.Хальфин, Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институтының директоры Ю.Худин және оның орынбасары М.Мұқышев бастаған ғалымдар мен инженерлер тобы (барлығы – 12 адам) КСРО-ның аса мәртебелі награда – Мемлекеттік сыйлығына ие болды. Комбинат (кейін өндірістік бірлестік аталды) КСРО бойынша еңбек өнімділігі жөнінен ең жақсы көрсеткішке жетіп, 1976 жылы Октябрь революциясы орденіне ие болды. Бассейн өз тарихында ең жоғары нәтижеге – 50 миллион тоннаға 1988 жылы қол жеткізді.

Қарағандылықтардың сонау 30-жылдардан басталған қажырлы еңбегі, Ұлы Отан соғысы кезінде неміс-фашист басқыншыларын талқандауға қосқан үлесі сол кездегі одақтық үкімет тарапынан лайықты бағаланып, 1984 жылы шаһар туына Еңбек Қызыл Ту ордені қалалды.

1996 жылдан бері көмір бассейнінің шахталары «Испат Кармет» (кейін «АрселорМиттал Теміртау») компаниясына сенімді басқаруға берілді. Бастапқыда өздерінің инвестициялық міндеттемелеріне сай жұмыс істеген алпауыт кейінгі жылдары қауіпсіздік шараларына салғырт қарады. Соның кесірінен компанияға қарасты шахталарда бірнеше ірі аварияға жол берілді. Қарағанды бассейнінің шахталары метан газы бойынша жоғары санатта, ал көмір мен газдың кенеттен атылуы бойынша қауіпті болып табылады. Қауіпсіздік шараларына бұлай немқұрайды қарауға болмайды. Осыған байланысты, үкімет инвесторды ауыстыруға мәжбүр болды.

Сонымен қатар, өз тарапымыздан бассейнде қауіпсіздік мәселелері бойынша ғылыми жұмыстардың ширатылмай отырғаны айтуға болады. Мемлекеттен қолдау болмағандықтан 2002 жылы саладағы іргелі Қарағанды ғылыми-зерттеу көмір институты (КНИУИ) жұмысын доғарды. Басқа да ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық мекемелердің халдері мүжілді. Бұл бағытта бассейнде іргелі ғылыми жұмыстар атқарып келген бұрынғы Шығыс ҒЗИ, қазіргі Қазақтың тау-кен өнеркәсібінде жұмыс қауіпсіздігі жөніндегі мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтына (директоры техника ғылымдарының докторы, профессор Б.Хамидолла) артылатын үміт зор.

Қарағанды қаласы мен Қарағанды көмір бассейні тағдырлас ұғымдар. «Қармет» компаниясы көмір өндіру көлемін 47 пайызға арттырып, жылына 9 млн. тоннаға жеткізуді, сөйтіп компанияның бұрынғы мәртебесін қайтаруды стратегиялық мақсат етіп қойып отыр. Ендеше Қарағанды мен оның қанаттас қалалары мамкорлықтан еңбек қалмақ емес. Демек, кенші еңбегінің бұрынғы даңқын да көтеру қажет. Ер шахтерімен шаттануды шаһар халқы! Мереке құтты болсын!

Аман ЖАНҒОЖИН,
Қазақстанның Құрметті журналисі

• ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қар бөгейтін қалқан орнатылады

Облыс күре жолдарында қардан қорғайтын заманауи модульдік қоршаулар орнатылмақ. Мұндай «камалдар» едәуір күрделі жол аумақтарында қар екпінін бәсеңдетіп, автожолдардағы қауіпсіздік деңгейін арттыруға септеседі.



Ерканат КЕЦЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде осы сынды модульдік конструкциялар Ақмола облысының автожолдарында сыналу үстінде. Құрылыс шыны талшықтан әрі полиэфир шайырынан жасалды. Коррозияға аса төзімді. Әдепкі темірбетон конструкцияларымен салыстырсақ, біріншіден орнатылуы оңай. Оның үстіне арнайы техникалық қызмет көрсетуді әсте қажет етпейді.

Бұл соны тәжірибе – көршілес Ақмола облысында табысты жалғасып келе жатқан оңтайлы, жеңіл құрылым. Қоршауды орнату үшін топырақтың тұтқырлығы ғана қажет. Мәселен, күзге қарай біз Қарағандыдан Балқашқа қарай шығатын автожол бойында осындай қарға қарсы қалқандарды

орнатуды көздеп тұрмыз, – дейді «ҚазАвтоЖол» ҰК АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Жұмағұлов. – Әлбетте, өңірдің өзіндік ерекшелігін де ескермеске болмайды. Кез келген жаңа жоба уақыт пен сарабал қозғалысына зәру. Аймағымызда қандай нәтиже беретінін байқайтын боламыз. Өйткені, Қарағандыда өзге аймақтарға қарағанда жауын-шашын молырақ, жиі жауады.

Бүгінде «ҚазАвтоЖолдың» облыстық қосыны өңірде 1444 шақырым көлік жолдарында қызмет етеді. Жолдарды қыс мезгілінде лайықты деңгейде күтіп ұстау үшін ұйымда 137 бірлік техника бар. Шнекоротор, аралас жол техникасы, автогрейдер, трактор, бульдозер және арнаулы тиегіштер жолдың бабын табуға

кәдімгідей сеп. Тұтқиылдан бораған қардан жол бедерін аршу үшін қажет болған жағдайда тағы 10 бірлік жалға берілетін арнайы

шан маңызын жоғалтпайды. Көлік тізгіндеген жүргізушілер әрейдік сын-пікірін жасырмай айтып жатады. Құлақ түрерміз, түсіністік танытамыз. Не дегенімізбен, арнайы машиналарды жолаушының дәп өзіндей қарапайым адамдар басқаратынын баяндағанымызда барып, ойланып қалып тұрады көп жандар. Мәселен, делік. Жол үстінде ақтүтек бораннан ештеңе көрінбесе, әріптестерімізге жұмыс істеу қиындығы тек еселене береді. Қармен де, жолмен де алысу сірә де оңай болмасы аян.

Кейінгі екі-үш күнде күн райының бұзылып, екпін қатты жел мен боран көтерілгені бері жол атаулы көзге көргісіз болғандықтан аймақта барлық бағыт бойынша тас жолда шектеу қойылды.

Мұндай шешім «Қазавтожол» ұлттық компаниясы мен төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерімен бірлескен негізде қабылданады. Біз ауа райы болжамына күнбе-күн сүйенеміз. Азаматтарымыздың қауіпсіздігі үшін қам қыламыз, әрекет етеміз. Сондықтан, автокөлік жүргізушілерін жолға шектеу қойылғандығы турасындағы ақпарат ағынына мұқият болуға, қолайсыз күндерде елдімекеннен тыс жерге шықпауға шақырамыз, – делі Қарағанды облысы полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Бауыржан Хантеміров.

Республикалық маңызы бар автожолдар бағыттарының жабылуы туралы қажетті ақпаратты «ҚазАвтоЖол» компаниясының ресми сайтынан оқуға болады немесе компанияның call-орталығына 1403 нөміріне қоңырау шалу қажет.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• МӘСЕЛЕ

«Ат аунаған жерде вирус қалады»

Кешелі-бері Бұқар жырау ауданына қарасты Төрткөл ауылының тұрғындары осылай дүрлігуде. Өткен жылы Топар кентінде «Сібір» жарасы анықталып, ауыл толық карантинге жабылған еді. Одан кейін Қарқаралы ауданы, Жарлы ауылында ірі қара малдарынан құтырма ауруы анықталды. Енді, міне, Төрткөл ауылының жылқылары жаппай қырылып жатыр. Белгісіз дертке шалдыққан жылқылардың аяғы ірідеп, жаралары бүкіл денеге тарап кеткен. Алайда, мамандар бұл дерттің қандай түрі екенін әлі дөп басып айта алмай отыр. Өкінішке қарай, округ әкімінің шешімімен ауыл карантинге жабылды. Белгісіз дерт 185 бас жылқыдан анықталып, көзі жойылды. Ал, мал иелеріне республикалық бюджеттен өтемақы төленбек.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі уақытта арнайы комиссия құрылып, жылқылардың қандай инфекция жұқтырғанын

анықтау үшін талдау жұмыстарын жүргізуде. Әу баста бұл ауру түрін шаруа қожалығының иелері лимфа жүйесінің қабынуынан болатын «лимфангит» ауруы деп болжаған. Алайда, талдау жұмыстары

барысында мамандар бұл ауру түрін жоққа шығарып отыр. Бірақ, бұған дейін көрші жатқан Үміткер ауылында дәл осындай ауру түрі тіркелген. Ал, Төрткөл ауылының малы көрші ауылдың малдарымен бірге өрісте жайылады деседі.

Біздің ауылдың жылқылары көрші ауылдың жылқыларынан жұқтырған шығар. Ол жерде «лимфангит» ауруы расталып, ауыл тұрғындарына өтемақы төленді. Ал, мамандар «лимфангитті» мойындамай, басқа ауру деп отыр. Бірақ, біз оның белгілерін көріп отырмыз. Малдың аяғынан бастап басына дейін іріңді жаралар шыққан, – деді шаруа қожалығының басшысы Мәдениет Жұмаділда.

Ал, Қарағанды облысының ветеринария басқармасы басшысы Қайырбек Тұрсынбеков:

– Ауырып тұрған үш бас жылқыдан сынамаалар алынып, зертханаға жеткізілді. Қазіргі таңда зерттеу жұмыстары әлі де жүргізілуде. Бұл ауру жұмыр тұяқты малдарға, яғни, жылқы, есек тектес жануарларға тән. Қазір елдімекенде карантин жарияланып, ауырған, өлген жылқылар жойылады. Ал, мал иесіне заннамалық тұрғыда қарастырылған нарық бағасымен өтемақы төленеді. Жағдай бақылауда, – деді.

Зерттеулердің қорытындысымен қабылданған шаралар туралы қосымша хабарланатын болады.

елге танымал ғалым «XX ғасыр адамының» өмірбаянымен, шығармашылық қолжеткен табыста-



өтті. Сол кездегі жаңашыл, жақсылыққа жаны құмар басшы Абылай Шуланбаевтың енебегін де атап айту қажет.

Кітапхана білімдер мекені десек, «Туған жер» бағдарламасы аясында «Жанында жүр жақсы адам...» жерлесіміз физик-математик, профессор, ғалым Темірғали Әбділдаұлына арналған «Ғасыр адамы» атты кездесу де болып өтті. Бұл іс-шараның мақсаты – оқырман жастарды жерлес, шет

рымен және оқиға деректерімен таныстырып, Отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Бұл күндері Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжінде кітапхана менгерушісі қызметін абыроймен атқарып жүрген өз мандығының білгірі.

Рымтай ШӨКЕЙҚЫЗЫ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі ҚАРАҒАНДЫ

Хабарландыру

Қарағанды облысының кадрлық комиссиясы Қарағанды облысының өңірлік резервине іріктеудің басталғанын хабарлайды.

Өңірлік резервке алынатын кандидаттарға келесі талаптар қойылады:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтылығы;
2) құжаттарды тапсыру сәтінде жасы отыз бес жастан кем емес;
3) жоғары білімі болуы;
4) үш жылдан кем емес еңбек өтілі болуы тиіс.

Іріктеу келесі салалық бағыттар бойынша жүргізіледі:

- 1) индустрия және өнеркәсіп;
2) экономика және қаржы;
3) әлеуметтік сала;
4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым;
5) агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары;
6) цифрландыру;
7) экология.

Құжаттарды қабылдауды Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері Агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті 2024 жылғы 1-31 наурыз аралығында (қоса алғанда) өңірлік резервке іріктеу жөніндегі онлайн-платформада (onir.pkrezev.gov.kz) кандидатты тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Жеке кабинетке кіру кандидаттың логині мен паролі бойынша дербес жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, үміткер құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электронды түрде ұсына алады.

Құжаттар электрондық пошта арқылы немесе мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 39, (2-қабат).

Бұл ретте, құжаттарды қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде берген кандидаттарда онлайн-платформада (onir.pkrezev.gov.kz) тіркеліп құжаттарды тапсырғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде, бірақ 2024 жылғы 31 наурыздан кешіктірмей жүктейді.

Іріктеуге қатысу үшін құжаттар тізімі туралы ақпаратты және басқа мәліметтерді (onir.pkrezev.gov.kz) онлайн-платформадан, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің www.qymzet.gov.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ, Департаменттің әлеуметтік парақшаларында @elgeqymzet.qaragandy, @qaragandy.onir.rezev.kz және келесі телефондар арқылы: +7 (7212) 50-40-23, +7 (7212) 50-33-83, +7 705 902 0525 алуға болады.

• Өңірлерді дамыту

Үш ауылда ФАП ашылды

Қарқаралы ауданында бір күнде үш ауылда фельдшерлік-акушерлік пункттер (ФАП) ашылды. Медициналық қызметтің заманауи үлгідегі ғимараты Темірші, Томар және М. Мамыраев ауылдық округтерінде іске қосылды.



Аудан әкімі Әділжан Арғынов Томар ауылы мен Темірші округінің орталығы Татан ауылында болып, жаңа ғимараттардың ашылу салтанатында халыққа құтты болсын айтты.

Бұл медициналық нысандардың құрылысы «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасының аясында 2023 жылы басталған болатын.

Аталмыш пункттерде дәрігерге дейінгі қарау кабинеті, егу, таңу бөлмелері, медицина қызметкерлеріне арналған, акушерлік кабинеттер жұмыс істейді. Сонымен қатар, жеке үш бөлмелі фильтр кабинеті мен гаражы бар.

Томар мен Татан ауылдарына ортақ бір дәрігер қызмет көрсетеді және Томарда 2 медбике, Теміршіде 3 медбике, М.Мамыраев ауылдық округінің орталығы Ақжол ауылында ашылған ФАП-та 3 медбике жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта Томарда 600 адам, Теміршіде 1050 адам, М.Мамыраевта 790 адам тұрады.

Жалпы, «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасының аясында Қарқаралы ауданында 2025 жылға дейін тағы да 17 медициналық нысан салу жоспарланған.

Болатбек ӘШМУЛЫ

Қарқаралы ауданы

Сурет автордан

• МӘДЕНИЕТ ОШАҚТАРЫНДА

Кітап – білім бұлағы

Адамдар адамдық асыл қасиеттерді араласқан жақсы ортадан, оқыған әдеби кітаптардан, өмір заңдылықтарынан үйренеді. Халқымызда «Өзіңді өзің сыйласаң, жат жаныңнан түңілер» деген тамаша мақал бар. Көркем әдебиетті көп оқыған адамда ой санасының әсемдігі мен жан сарайының кендігі байқалады. Адам үшін саналы еңбек жасау қажеттілік болса, жақтық шактан осыған қалыптастырып, өзін жақсылыққа тәрбиелеген адам білгір, рухы биік парасатты жан-жақты маман болып шығары сөзсіз. Осындай, өз ортасында білімімен, жайдары ашық мінезімен өнеге көрсетіп жүрген аяулы жандар бар ағамызда.

Соның бірегейі Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының кітапханатану және библиография факультетін бітірген Гүлайым Жылтыбаева бір кездері Қарағанды қаласындағы Мұхтар Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада көп жылдар бойы кітапханашы, қызмет көрсету және өліктану бөлімдерінің менгерушісі қызметтерін атқарды.

«Туған жерім – тұғырым» жобасы аясында «Рухани жаңғыру» бағдарламасына сәйкес, зейнеткерлерге арналған «Замандас» клубы ашылды, кітапханаға ересек жастағы адамдар оқырмандар болып келе бастады. «Көзқорғен-

дер», «Поющие сердца» вокалды топтар және «Қарымды қаламгер» деген атпен белгілі журналистермен тамаша кездесулер болып өтті. «Қарағанда: Вчера. Сегодня. Завтра» деген бейнежазба көрсетіліп, оған алпыс адам қатысып өзгеше бір жаңа леп пайда болды. Клуб менгерушілері Л.Зазуля мен Х.Карикбаевтар белсенділікпен көптеген жұмыстар атқарды. Сонымен бірге, бірінші республикалық Жүсіпбек Елебеков атындағы дәстүрлі әндер орындаушылары конкурсының жүлдегерлері қатысқан «Үнің кетпес құлақтан» деген ретро-шоу да көрермендер мен оқырмандар арасында есте қаларлықтай керемет әсерлі

ҚР ҰЭМ ТМРК Қарағанды обл. бойынша департаменті (сайт http://www.gov.kz/memleket/entities/krem). 2024 жылдың 19 ақпанда сағат 11.00-де Қарағанды қаласы, Потанин көшесі, 125/1-к., сондай-ақ онлайн режимінде Facebook әлеуметтік желісі (https://www.facebook.com/dkrem.krg.), арқылы өтетін «AlemGaz» ЖШС-нің ГТР (газ тарату қондырғылары) арқылы сұйылтылған сыйымды газды бөлшек саудада өткізу бойынша қызметтеріне алдағы уақытта баға көтеретіні жайындағы ақпаратты қарастыру бойынша жария тыңдау өткізіледі. Жария тыңдауға тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар шақырылады.

ДКРМ МНЭ РК по Кар. области, сайт (http://www.gov.kz/memleket/entities/krem) проводит публичные слушания по рассмотрению информации о предстоящем повышении цены ТОО «AlemGaz» на услуги розничной реализации сжиженного емостного газа через ГРУ (газосредительная установка), которые состоятся 19 февраля 2024 года, в 11.00 часов г. Караганда, улица Потанина, стр.125/1, а также в режиме онлайн посредством социальной сети Facebook (https://www.facebook.com/dkrem.krg.) о предстоящем повышении предельной цены на услуги розничной реализации сжиженного емостного газа через ГРУ (газосредительная установка). На слушания приглашаются потребители и иные заинтересованные лица.

Ішкі саясат басқармасының ұжымы Осакаров ауданы ішкі саясат бөлімінің басшысы Валентина Владимировна ӘБІЛСЕЙТОВАНЫң ауыр және орны толмас қазасына байланысты туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, қоңіл айтады.

• ФОТОЭТЮД



Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• НЫШАН

Төлтанба тарихы

Қарағанды қаласының айшығын айқындап тұратын дүние ол, әрине, шаһардың төлтанбасы. Бүгінгі төлтанбада бүркіт, шаңырақ және көмір терриконы бедерленген. Бұл – қала тарихындағы үшінші төлтанба.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ең алғаш 1983 жылы кеншілер астанасының 50 жылдығына орай төсбелгі әзірлеуге конкурсы жарияланады. Сол жолы графикалық суретші Николай Рустопчиннің жұмысы сәтті шығады. Тіктөртбұрыш пішіндегі төсбелгінің орта тұсында шахта құрылғысының шестернясы салынған. Екі жақ капталында Кеңес кезіндегі тудың көк және қызыл түсі бар.

Бірнеше жылдан кейін Қарағандының эмблемасы қайта жаңғырды. Мұндағы төлтанба Алпақ Байжановтың суырдың інінен шыққан қара тасты отқа тастағанынан мазмұн береді. Эмблеманың төменгі етегіне сол суырды бейнелейді. Авторы – Суретшілер одағының мүшесі Төлеген Әбілкасов.

Ал, қаланың қазіргі төлтанбасы 2007 жылы қабылданды. Атақты суретші, графикаші Айбек Бегалин бұған дейін де ірі кәсіпорындардың эмблемасын салған екен.

– Қарағандының төлтанбасын жаңғыртуға конкурсы 2003 жылы – қаланың 70 жылдығына



Суреттер ашық дереккөзінен

орай жарияланды. Сол жолғы жұмысым бірінші орынды иеленді. Бірақ, сол кездегі Қарағандының басшылығына бүркіттің тұмсығы ұнақырамапты. Бірақ, мұны бірден өзіме айтпады. Егер, ескерткенде, 15 минуттың ішінде өзгертіп шығар едім, – дейді елтанба авторы Айбек Бегалин.

Төрт жыл өткен соң суретшіні қайта шақырып, бүркіттің тұмсығын өзгертіп, мұнымен қоса, мазмұнын байытады. Қалалық мәслихат депутаттарының наза-

рына басқа да авторлардың бірнеше нұсқасы ұсынылды. Сөйтіп, 2007 жылдың 18 шілдесінде көпшіліктің даусымен қазіргі эмблема таңдалады.

– Өзім Целиноград қаласында дүниеге келдім, бірақ, негізгі



Қарағандының төлтанбасы белгіленген ту ғарышқа да ұшып келді. Мұндай тосынсыйды 2014 жылы, қаланың 80 жылдығына орай «Союз ТМА-12М» кемесінің экипаж мүшелері тарту етті. Ол ту қазір облыстық тарихи-өлкетану мұражайында тұр.

• ТАНЫМ

«Жоғалып кетпей тұрғанда...»

Қарағандылық суретші Юлия Ляндаева кеншілер шаһарының тарихи орындарына авторлық экскурсияларға шақырады. Суретші әрі өлкетанушы ерекше жобаны қолға алып, оны «Пока не исчезло» деп атаған. Оның экскурсиялары Қарағандының тарихы бастау алатын Ескі қаладан, қаздрамтеатрдан, бос қалған шахталардан сыр шертеді. Себебі, оның барлығы қала тарихының ажырамас бөлшектері.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы Ескі қала атанған 1930-1932 жылдардағы шахталар маңындағы жергіліктілерден құрылған десе болады. Күн санап қала өсті, дамыды, Ескі қаланың орнына жаңарған қала бой көтере бастады. Юлия Ляндаеваның жобасы аясында Ескі қаладан қалған тарихи жәдігерлерді өз көзімен көруге болады. Оның айтуынша, мұндай идея Алматыда тұрған кезінде пайдаланған.


– Бірнеше жыл Алматыда тұрған

уақытта мен қаланың ескі ғимараттарын, ескерткіштерін, тарихи орындарын аралап, суретке түсірдім. Кейін Қарағандыға оралғанда туған қалама басқаша қарай бастадым. Көпшілік «Қарағандыда не қызық бар дейсің?» деп ойлайды. Әрине, Алматыда тарихи-архитектуралық орындар көбірек. Дегенмен, зер салып қараса, бізде де архитектура жағынан бас тарихи мұра бар. Келгеннен кейін әдеми мозаикаларды, ескі ғимараттар мен үйлерді, ойып бедерленген барельефтерді саналы түрде іздейтін болдым, – дейді ол. Ол бізде де көретін, тамаша-



лайтын орындар, гасырға жуық тарихымыз бар екенін қала тұрғындары мен қонақтарына көрсетуді мақсат еткен.

Экскурсия бірнеше бағытта жүргізіледі. Ескі қаланың орны, Майқұдыққа, Михайлов ауданда-



рына, орталық саябаққа жеке маршруттар бар. Одан бөлек, Жамбыл көшесі, Абай көшесі (бұрынғы Ленин), бұрынғы Бейбітшілік бульвары (қазіргі Назарбаев даңғылы) бойындағы үйлер мен ғимараттарға экскурсия ұйымдастырылады. Де-

• ПОЭЗИЯ

Қара өлең рухы асқақтап



Қарағанды көмірімен ғана емес, әдеби өмірімен де абыройлы. Ел аузынан түскен емес. Әсіресе, кейінгі жылдары бірінен соң бірі, дүркін-дүркін өткен поэзия кештері Арқаға қарайлаған жұртты сүйсіндіріп жатыр. Майқұдықтың мәдениет үйінде мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «О, махаббат, сені әлі тірі ме едің?» деп аталған әдеби-сазды кеш жыр сүйер қауымды жинады. Бұл кештің де жаңғырығы Қазақстанның қиыр-қиырына жеткендей. Серік Ақсұңқарұлыдан бастап, кейінгі толқыныға дейін өлең оқыды. «Менмін» деген әншілер Мұқағалидың өлеңіне жазылған әндерді әулетті.



Сурет: ұйымдастырушылардан

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осындай ерекше форматтағы әдеби-сазды кешке облыс әкімінің орынбасары Ерлан Құсайын да куә болды. Кеште әдеттегідей билік өкілдері сөз алмады. Бұл жолы тек мәртебелі поэзия салтанат құрды.

Қалалық әкімдік ақындарына қамқорлық жасап келеді. Поэзия кештерінің дүркіреп өтуіне шаһар билігі қолдау көрсетіп жүр. Осы тұрда қанат қаққан Мирас Асан мен Жәнібек Әлиман және бүгінде Қазақстан Жазушылар одағы филиалына қолдау көрсетті.

Әдеби-сазды кештің шымылдығын Сәкен театрының актерлері түрді. Ақын үнін аңсап келген көрермен Мұқағалидың заманына сапар шекті. Мұзбалақ ақынның өлеңі оқылды, шайырдың жырымен үйлескен әндер өзгеше форматта орындалды.

Қарағандыдағы поэзия кештерінің барлығы дерлік Алаштың айбоз ақыны, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері Серік Ақсұңқарұлымен басталады. Бұл – қалыптасқан дәстүр. Ұрпақтар сабақтастығының көрінісі. Серік Ақсұңқарұлы – Қарағандыдағы ХХІ ғасыр шайырларының локомотиві. Серагадан кейін әдеттегідей ақын Қойлыбай Асанов өлең оқыды. Сонынан ерген толқыныға аға мен бауыр арасындағы сый-

ластықтың үлгісін көрсеткен қос талант.

Содан кейін қазақтың мөлдір ақыны Қайрат Асқар өлең оқыды. Қайрат Асқар – Қарағандыда Серік Сағынтай, Руслан Нұрбай, Бағдат Мұбарактар бастаған алдыңғы толқынның белді өкілі.

Келесі блокта Ерқанат Кеңесбекулы мен Салтанат Смағұлтегі және Сұлтан Дәулетхан, Илия Мұқай, Айнұр Жаппарқұлова жүректендірген махаббатты жырлады. Қарағандыда бапталып, Елордаға қанат қаққан Мирас Асан мен Жәнібек Әлиман және бүгінде Қазақстан Жазушылар одағының облыстық филиалын тізгінідеп отырған Жанат Жаңқашұлы, Қуаныш Медеубаев, Рауан Қабидолдин осы буынның өкілдері.

Әділет Шопен, Кәмшат Хасен, Еркебулан Елеусізұлы – Қарағандыда қалыптасып келе жатқан жаңа буын. Талғамы жоғары оқырмандарды жалт қаратып үлгергендері бар.

Университет қабырғасындағы жас ақындар соңғы болып шықты. Өлеңге арқау болған студенттік шақтағы махаббат – көрерменнің көздеріне көктемнің самалы боп өпкендей.

Міне, осылай әр буынды жеке-жеке топтастырып сахнаға шығару арқылы ұйымдастырушылар Қарағандыдағы әдеби ортаны нәм асау толқындарды көрсетті.

генмен, қаламен танысқысы келетін жан әуелі «Қарағанда на память» бағытын таңдауға кеңес береді. Мұнда алғашқы тарихи ғимараттар, ескерткіштер мен архитектуралық нысандар, монументтер жайлы білуге болады.

– Ал, жаңа маршруттарды ойлап табу шығармашылыққа байланысты. Бұл кезде мен де ізденіп, қала туралы көптеген жаңа деректерді білемін. Білгенімді өзгемен бөліскім келеді. Сол себепті жаңа бағыттарды қосып, экскурсия санын көбейту жоспарда бар. Былтыр алғаш рет Саран мен Теміртау қалаларына да экскурсиялар қостық, – дейді.

Бір қуантағыны, қала тарихын танып, білгісі келетіндердің қатары аз емес екен. Адамдар көбінесе қандай да бір ғимараттардың салынған уақытын, Ескі қаладан сақталған орындарды білгісі келеді.

– Ел арасында Қарағандыға ҚарЛатта болғандар мен жер аударылғандар ғана келген деген пікір қалыптасқан. Бұл әсте олай емес. Халық мұнда құрылыста, шахтада

жұмыс істеуге тың көтеруге өз қалауларымен келген, – дейді өлкетанушы.

Юлия Ляндаеваның айтуынша, бүгінгі Қарағандының келбеті де оның көңіліне қонымды. Тек жасалып жеткен көбірек болса деп тілейді.

– Менің жас кезімде бульвар бойында қызғалдақтар өсіретін. Олар гүлденген кезде қызғалдақ алқабына айналады. Қарағандыға сондай сұлулық жетіспейді. Қарағанды мен үшін көпшілік ойлантайтынды сұр қала емес, ол қою сары. Алғашқы салынған үйлердің түсіндей. Менің қалауым – қала тарихының сақталуы. Оны білетін адам көбейген сайын көмескі дүние жарқырай түседі. Сөйтіп, гасырдан гасырға жетеді, – дейді ол.

Уақыт – тоқтамайтын жалғыз дүние. Жер мен көк жаратылғаннан бері тарих беттеріне талай оқиға, адамзат тағдыры қалды. Оның бізге жеткені бар, жетпегені де. Тарихты бүгінге жеткізетін – естеліктер.

Сурет pokaneishezlo.krg-dan алынды

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор –
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА
Директордың орынбасары –
Оксана Вячеславовна МЯГКИХ

Бас редактор –
Е.К. МУСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Қ.А. АЙТЖАН
Сайт редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Ж.Қ. ШАЛҚАР

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
- Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218ВРУ00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әліман Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJБZХХ БИН 000840001412
Таралымы 5 416

№ 17 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Кәлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің көпшіліктері органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ**